

САРАПТАМА

Алматы саммиті:
FINTECH
SUMMIT – 2024

2

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚОҒАМДАСТЫҚ

«ТМД +» ФОРМАТЫ

Достастықтың өңірлік
байланыстарын
кеңейтуге негіз
болады

3

ТҰЛҒАТАНУ

«КЕЙІПКЕРІН ЖАҚСЫ
КӨРМЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

Қаламгер
«Менің атым Қожа»
арқылы біздің балалық
шағымызға ескерткіш
орнатып кетті

14

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №86 (6537) 11 қазан, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ПРЕЗИДЕНТ

ТҮРІКМЕНСТАН ТӨРІНДЕ

Абай ескерткіші ашылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға ресми сапары аясында Ашхабад төрінде ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы салтанатты жиында сөйлеген сөзінде бұл ескерткіштің ашылуын түрікмен бауырлардың қазақ халқына айрықша құрметінің көрінісі деп санайтынын атап өтті.

— Абай — әлемдік ауқымдағы алып тұлға. Оның шығармалары бүкіл адамзаттың асыл мұрасына айналды. Жер жүзіндегі көптеген қалада хакім Абайдың ескерткіші бар. Ұлы ақын саналы ғұмырын ағарту ісіне арнады. Абай «Талап қыл артық білуге» деп, өнер-білім философиясын кеңінен насихаттады. Ол теңдессіз туындылары арқылы мызғымас құндылықтарды дәріптеді. Жұртты отанышылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа баулыды. Жақсылық пен парасаттылыққа үндеді. Ашхабадта Абай ескерткішінің ашылуы — бауырластығымызды нығайта түсетін бірегей бастама, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕНКЕГЕ КЕЛІҢІЗ,
АРЗАН ӨНІМ АЛЫҢЫЗ!

Алматыда кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді

Қыстың қамын жазда ойлайтын халық үшін бақша өнімдері жәрмеңкелерінің тиімді тұсы көп-ақ. Себебі, жәрмеңкеде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қолжетімді бағада саудаланады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда алдағы 12-13 қазан күндері сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін кеңейтілген ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Нарықтағы бағадан 10–15%-ға төмен бағада саудаланатын өнімдерді қала тұрғындарына Алматы мен Абай облыстары аймақтарынан жиналған өнім өндірушілері мен фермерлері ұсынады.

Жәрмеңкеге 50-ден астам өнім түрлері (ет және сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары және т.б.) қойылады.

Өнімнің жалпы көлемі 300 тонна құрайды, оның ішінде:

- * Ет өнімі – 100 тонна;
- * Жеміс-көкөніс өнімі – 100 тонна;
- * Сүт өнімі – 30 тонна;
- * Балық өнімдері – 10 тонна;
- * Өзге өнімдер – 60 тонна.

Айта кетейік, ауылшаруашылығы жәрмеңкесі Алматы қаласы, Сәтбаев көшесінің бойымен Уәлиханов көшесі мен Достық даңғылы аралығында өтеді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

11.10.2024

Түнде: +10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +22+24 °C
Көшпелі бұлтты, күннің соңында жаңбыр.

12.10.2024

Түнде: +10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр.

Күндіз: +16+18 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

13.10.2024

Түнде: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +14+16 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



ПРЕЗИДЕНТ

ТҮРІКМЕНСТАН ТӨРІНДЕ

Абай ескерткіші ашылды

(Басы 1-бетте)

Стратегиялық серіктестіктің жаңа деңгейі

Қазақстан Президентін Ашхабад әуежайында түрікмен халқының көшбасшысы, Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов қарсы алды.

Мемлекет басшысы қазақ-түрікмен ынтымақтастығы достық, тату көршілік және өзара қолдау рухында қарқынды дамып келе жатқанына ерекше назар аударып, Түрікменстанға ресми сапарының мақсаты екі елдің стратегиялық серіктестігін жаңа деңгейге шығару екенін айтты.

Халқ Маслахатының төрағасына қонақжайлық танытқаны үшін ризашылық білдірген Қасым-Жомарт Тоқаев Гурбангулы Бердімұхамедовтің Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға зор үлес қосқанын атап өтті.

— Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамыту мәселесіне зор жауапкершілікпен қараймыз. Біз — стратегиялық серіктес елдерміз. Жаңа Бірлескен үкіметаралық комиссияның жұмысы туралы айтып өттіңіз. Мен де оның қызметін бақылап, Үкіметке бағыт-бағдар беріп, қандай шешім қабылдау керек екенін нұсқап отырамын. Өйткені, біз үшін Түрікменстанмен достық байланыс — басты басымдықтардың бірі саналады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, оның Түрікменстанға ресми сапары аясында қол жеткізілетін уағдаластықтар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті тереңдетуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын егжей-тегжейлі талқылады.

Қазақстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен түрікмен халқына Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына орай арнайы шығарылған медальмен марапаттағаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар, мұны екі ел арасындағы өзара сый-құрмет пен достықтың белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді.

Қазақ-түрікмен достығының символы

Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халқ Маслаха-



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға ресми сапармен барды

тының төрағасы Ашхабад төрінде ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.

Ашхабадтағы Абай ескерткішінің салтанатты ашылуында Президент биыл Астанада түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының ескерткіші ашылғанын еске салып, қазақ елі түркі жұртына ортақ тұлғаның шығармашылығына зор құрметпен қарайтынын жеткізді.

— Шын мәнінде, Абай мен Мақтымқұлы еңбектері — түркі дүниесінің құнды қазынасы. Оны сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру — баршамызға ортақ міндет. Ұлы ақындарымыздың поэзиясында өзара сабақтастық мысалдары көп. Біз — түбі бір, тарихы ортақ, тілі мен мәдениеті ұқсас халықтармыз. Осы бауырластық елдеріміздің қарым-қатынасына арқау болып отыр. Қазір бұл байланыс стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатыр. Түрікменстанға бүгінгі ресми сапарым —

соның айқын дәлелі. Абайдың ескерткіші қазақ-түркімен достығының символына айналады деп сенемін, — деді Президент.

Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы бауырлас халықтардың тарихи және мәдени өмірінде жарқын із қалдырған белгілі тұлғалар, ойшылдар мен ақындар мұрасын сақтаудың және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің мәні зор екеніне тоқталды

— Бүгін біз астанамыз Ашхабадтың тамаша мүйісінде орналасқан ғажап саябақта бауырлас қазақ халқының ұлы ақыны, көрнекті мәдениет және өнер қайраткері Абай Құнанбайұлының ескерткішін ашу рәсімінде бас қосып отырмыз. Баршаңызды осы салтанатты сәтпен шын жүректен құттықтаймын! Түрікмен және қазақ халықтары әлемнің мәдени рухани қазынасына үлкен үлес қосты. Соған сәйкес, бұл мәдени мұраны тыңғылықты зерттеу, оны кеңінен насихаттау және осы саладағы халықаралық әріптестікті дамыту аса маңызды міндет болып саналады, — деді Гурбангулы Бердімұхамедов.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадқа ресми сапары аясында Түрікменстанның Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қойды. Президент түрікмен елінің басты ескерткішіне тағзым ету арқылы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың берік екенін көрсетті.

Сан қырлы ынтымақтастық

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы бауырлас екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуда мұндай жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулердің маңызы зор екенін атап өтті.

— Түрікменстан — біз үшін туысқан ел әрі стратегиялық серіктес. Қазақстан — сіздің еліңізбен энергетика, көлік, логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастыққа қатысты барлық мәселе бойынша сенімді одақтас. Мұның алдағы уақытта да осы бағытта жалғаса беретінін атап өткім келеді. Әлбетте, біз Түрікменстанның халықаралық аренадағы бейтарап статусына құрметпен қараймыз. Сіздің еліңіз өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне өте елеулі үлес қосып келеді. Бұл ретте біз, ең алдымен, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясында тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз, — деді Президент.

Өз кезегінде Сердар Бердімұхамедов Түрікменстанның бауырлас Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті жан-жақты өркендетуге бейіл екенін растады.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға бейіл екенін жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz)

САРАПТАМА

Алматы саммиті:

FINTECH SUMMIT 2024

Қаржы индустриясындағы ықтимал сын-қатерлер мен жаңа трендтер қандай?

Осы аптада Алматы қаласында бүгін мен болашақтың маңызды мәселесін талқылаған ауқымды халықаралық саммит өтті. Орталық Азиядағы Fintech Summit 2024 өз алаңында Қазақстан мен аймақтың қаржы индустриясындағы ықтимал сын-қатерлерді және жаңа трендтерді талқылады.

Нақтырақ айтқанда, 8-9 қазан күндері әлемнің бірқатар елінен, халықаралық қаржылық ұйымдардан өкілдер, сондай-ақ, ұлттық банктердің кеңесшілері, қаржы саласының майталман мамандары мен білікті сарапшылары жиналды. Олар Алматы ұсынған алаңда финтехтің маңызды әрі инновациялық тақырыптарын еркін талқылап, пікір алмасты. Шын мәнінде, шаһарымыздың төрінде өткен жиын әлемнің болашақтағы қаржы нарығын алдын ала зерделеуге, өз мүмкіндіктеріміз бен деңгейімізді түсінуге зор мүмкіндік берді. Сол үшін басылым оқырмандарына жиындағы аса маңызды тақырыптарды тарата айтуды жөн көрдік.

Басты тақырыптар

Алматыдағы саммиттің ту еткен тақырыбы — финтех негізі мен оның инновациялық мүмкіндіктері болды. Соның ішінде қазір жаһандық қаржы нарығы мен экономикалық жүйесінде аса маңызды орын алып тұрған CBDC тақырыбы, трансшекаралық төлемдер мәселесін, жасанды интеллект кезеңіндегі қаржы нарығы, соған қоса, Орталық Азиядағы финтех экожүйесінің жай-күйі қарастырылды.

Солардың қатарында болашақта әлемнің сауда-экономикалық қарым-қатынасына түбегейлі енгелі тұрған сандық валюталар тақырыбы да болды. Цифрлы валюталардың енгізілуі мен оның трансшекаралық төлемдердегі маңызы, ықтимал сын-қатерлері де сөз етілді. Сандық экономиканың қазіргі жаһандық үрдісі, Қазақстан мен аймақ елдерінің бұл үрдістегі деңгейі туралы да талқы өрбіді.

Екі күндік форумда аймақтағы ұлттық банктер мен көшбасшы бизнес өкілдері, сонымен бірге көршілес аймақтар мен елдердегі ұлттық банк, түрлі қаржы ұйымдарының жетекшілері финтех және сандық экономика, қаржы нарығы бойынша пікір алмасып, тәжірибелерін бөлісті.

Цифрлы Ұлттық банк

Мұндай атауға енді құлақ үйрене бергені жөн. Себебі, бола-

шақ қаржы секторы дәстүрлі банк жүйелеріне қоса цифрлы банктермен де тікелей қатысты болмақ. Алматы төріндегі аталмыш жиында алғаш рет Қазақстанның цифрлық Ұлттық банкінің стратегиялық тұжырымдамасы ұсынылды. Бұл жаңалықты цифрлық трансформация басқармасының басшысы әрі ҚР Ұлттық банкі төрағасының кеңесшісі Бинұр Жәленов таныстырды. Ол жобаны таныстыру кезінде аталған стратегия елдің қаржы секторын түрлендіріп, инновациялық технологиялар мен жанашыл басқару әдістерін енгізуге бағытталғанын жеткізді. Осы арқылы елдің экономикалық өсуі мен заманауи экономикалық жүйені қалыптастыруға жол ашылатынын да айрықша атап өтті.

Шын мәнінде, ұлттық банктің жаңа стратегиясы жаһандық үрдістің қажетіне сай жасалды деуге болады. Қазір әлемдегі қаржы нарығы, экожүйе мемлекеттерге жаңа талап қоя бастады. Бұл қатарда ESG активтерінің өсуі, цифрландыру және финтех пен бигтех сынды жаңа ойыншылардың үлес салмағының артуы сынды тенденциялар ұлттық банк стратегиясын кемелдендіре түсуге итермелеп отыр. Бұл қатарда біз қазіргі жаһандық геосаяси өзгерістердің де өз әсері бар екенін айта кетуіміз керек. Мұндай жаңа сын-талаптар алдында кез келген мемлекет дәстүрлі банк жүйесін дамытумен шектеліп қалмай, цифрлы ұлттық банктерін жасақтауға тиіс. Осы бағытта Қазақстан өзінің өңірлік көшбасшы екенін тағы бір мәрте дәлелдегендей болды.

Еліміздің экономикалық дамуы сыртқы инвестициялармен де тығыз байланысты. Ал қазіргі инвестициялық ағымдар цифрлы экожүйелердің жаңа заңдылықтарымен жұмыс істеуге дағдылана бастады. Егер мемлекеттің қаржы секторы, цифрландыру үрдісі мұндай халықаралық талаптарға сай келмеген жағдайда инвестицияларға ие болудың өзі қиынға соғуы мүмкін. Форумда белгілі болғандай, болашақ қаржы секторы және барлық елдердің ұлттық банктері цифрлы жүйеден қол үзе алмайды. Әрі финтех мүмкіндіктерін ауқымды пайдалана алмау экономикалық дамуға тежеу қоюы да мүмкін. Сондықтан Алматыда алғаш таныстырылған Қазақстан Ұлттық банкінің цифрлық ұлттық банкі сынды жаңа стратегиясы болашақ елдің қаржы секторының картинасын көруге мүмкіндік берді.

Қазақстандағы цифрландыру үдерісі

Анық айтуға болады, еліміздің қаржылық экономика саласының сандық технологияға өтуі аймақта көшбасшылық орында. Тіпті, цифрландыру үрдісінде Қазақстан жаһандық алдыңғы қатарлы елдермен деңгейлес екенін мақтанышпен айтуға болады. Оның қаржы нарығындағы нақты мысалын төлемдердің салыстырмасы да анық айқындап бере алады. Айталық, елімізде Ұлттық банк жүйелері арқылы жасалған төлемдердің 85,8 пайызы цифрлы аударымдар арқылы жасалған. 2017 жылы азаматтардың қолма-қол ақшасыз аударымдары небәрі 3 трлн теңге көлемінде болса, 2023 жылы цифрлық аударымдар 141,9 триллион теңгеге жеткен. Яғни соңғы 7 жыл ішінде электронды аударымдар 47 есеге өскен. Быылдың өзінде алғашқы 8 айдағы электронды қаржы аударымдары 103 триллион теңгені құрайды.

Форумда Ұлттық банк өкілі өз баяндамасында ұсынған мәліметтер еліміздегі қаржы секторындағы цифрландыру үдерісінің айтарлықтай жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Әрине, тек қана қаржы аударымдары жалпы саланың цифрландырудағы көрсеткіші деуден аулақпыз. Бұл арада нарықтың ұдайы өзгеріп отыратындығына баса назар аударған дұрыс болар. Дегенмен, жеке және заңды тұлғалар бұл күнде электронды қаржы аударымдарына көбірек сүйенеді.

Форумға алыс-жуықтан келген шетелдік қонақтар дерлік еліміздегі цифрландыру үдерісінің жоғары деңгейін мойындады. Айталық, төлемдер жүйесінің жаһандық көшбасшысы, әрі осы форумның басты серіктесі Visa-ның өкілі өз пікірінде былай дегені бар:

«Қазақстан күшті қаржылық және цифрлық инфрақұрылымды, оның ішінде маңызды рөл атқаратын цифрлық сәйкестендіруді құрды. Біз мемлекет тарапынан төлем жүйесіндегі ұлттық есемендікті нығайтуға және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге деген зор ұмтылысты көріп отырмыз. Үкімет, банктер және финтехологиялық компаниялар арасындағы ынтымақтастық цифрландыруға қарай жылжып, аймақтағы экономикалық өсу үшін жаңа мүмкіндіктер туғызатыны маңызды. Орталық Азия, әсіресе, Қазақстан Visa үшін өте маңызды аймақ болып табылады. Біз финтех кеңістігіндегі инновацияларды ынталандыратын маңызды оқиғаларды көріп отырмыз», — деді Visa өкілі Сальвадор Перес Галиндо мырза.

Орталық Азия қазіргі жаһандық геосаяси үрдістердің және өзінің ішкі интеграциялық іс-қимылдарының нәтижесінде өзара сауда-экономикалық, қаржылық байланыстары қарқынды дамып келе жатқан аймақ. Осы оң өзгерістер жаһандық инвестициялық ағым үшін де оңтайлы жағдай. Дегенмен, Орталық Азия біртұтас геосаяси аймақ ретінде бәсекеге қабілеттілігін және инвестицияларға ашықтығын таныту үшін аталған салалардағы цифрлық дамуға да баса мән беруге міндетті. Ал кезекті жиын Алматының және жалпы Қазақстанның аймақ экономикасы мен қаржы нарығындағы ықпалдылық орнын айқындап, көшбасшылық тұғырын бекіте түскендей болды.

Естай БОЖАН, сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«ТМД+» ФОРМАТЫ

Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады

• Мемлекет басшысы «ТМД+» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын. Мұндай алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады.

• 1991 жылы Алматы Декларациясының негізінде құрылған ТМД-ның әлеуетін беделді халықаралық ұйым ретінде одан әрі нығайту – Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі.

• Қазақстан Президенті «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық бағдарламаны іске қосуды ұсынды.

• Президенттің «Достастықтың академиялық астанасы» атты жаңа бағдарламаны іске қосу бастамасы.

ТМД – Алматы Декларациясы негізінде құрылған

Мәскеуге жұмыс сапарымен барған Қазақстан Президенті дәстүрлі қонақжайлығы және Ресейдің ТМД-ға төрағалық ету барысында нәтижелі жұмыс атқарғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтты.

Мемлекет басшысы 1991 жылы Алматы Декларациясының негізінде құрылған ТМД-ның әлеуетін беделді халықаралық ұйым ретінде одан әрі нығайту Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі екеніне назар аударды.

– Өткен ғасырдың 90-жылдарында Балқан түбегіндегі секілді күрделі жағдайларға посткеңестік аумақта жол берілген жоқ. Мұнда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлесі зор деуге болады. Сондықтан Достастықты сақтау керек деп ойлаймын. Осы мақсатта өзара сенімді нығайтудың ең тиімді шараларын қабылдап, мемлекеттер басшылары деңгейінде бір-бірімізді негізсіз сынап-мінеуден аулақ болып, ұстамдылық пен парасаттылық танытқанымыз жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кезде-су Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс.

– Біздің ел Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жасауға деген ұмтылыстарын құптайды. Сонымен қатар, Орталық Азия аймағындағы мемлекетаралық шекаралардың жекелеген бөліктерін заңдық тұрғыдан ресімдеуді аяқтау ісінде айтарлықтай ілгерілеу бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тиімді өңірлік ұйым

Президент Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жаһандық ынтымақтастық пен даму үдерісіне елеулі үлес қосып келе жатқан тиімді өңірлік ұйым ретінде халықаралық деңгейде кеңінен мойындалғанына тоқталды.

– Достастық БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім Ұйымның келіміне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД+» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын. Мұндай алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады, – деді Мемлекет басшысы.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамдағы басқосуларына қатысты

«Достастық жәрмеңкесі»

Президенттің пікірінше, әлем экономикасында тұрақсыздық белең алып тұрған жағдайда сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТМД нарықтары қашан да маңызды екенін жеткізді. Еліміздің сыртқы тауар айналымының төрттен бір бөлігінен астамы осы нарықтың еншісінде.

– 2023 жылы қабылданған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестицияларды жүзеге асыру туралы келісім сауда-экономикалық байланыстарымызды жан-жақты тереңдетуге ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар, өнеркәсіптік кооперация, кедендік реттеуді оңтайландыру, жаңа логистика тізбектерін қалыптастыру, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері бойынша ықпалдастықты күшейту жұмыстарын жалғастырудың маңызы зор. Бүгінде жәрмеңке саудасына сұраныс жоғары. Осыған орай, «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық бағдарламаны іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ТМД елдерінің түрлі қалаларында жыл сайын сауда-саттықтың көрігін қыздыратын іс-шаралар өткізуге болады. Оған бүкіл Еуразия өңіріндегі шеберлер мен шаруаларды да шақырған жөн. Алғашқы көрмені Қазақстанның ең көне қалаларының бірі – Таразда ұйымдастыруға дайынбыз. Бұл шаһар ежелде Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды торап болғандықтан «керуеншілер қаласы» деп те аталған, – деді Президент.

Бірыңғай тұжырымдама

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік дәліздерінің дамуымен тығыз байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан негізгі халықаралық бағыттардағы теміржол инфрақұрылымын жаппай кеңейтуге кіріскенін айтты.

– Былтыр ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынған едім. Бұл жұмысты мейлінше тезірек аяқтауымыз керек. Жалпы, «Бір белдеу, бір жол», «Солтүстік – Оңтүстік», Транскаспий бағыты сияқты жаһандық жобаларды өзара үйлестіру Еуразия құрлығындағы экономикалық, институционалдық және көлік-логистикалық дамудың бірыңғай тұжырымдамасын құруға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты жандандыруды перспективті міндеттің бірі деп атады. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД халықтарының мәдени және рухани байланыстарын нығайту мәселесіне баса назар аударды.

– Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыздың салалары мен бағыттарын үнемі кеңейтіп отырғанымыз жөн. Таяуда Астана қаласында өткен Дүниежүзілік көшпенділер

ойындарына 85 елден 2 мыңнан астам спортшы келді. Бұл әлемде этносport қозғалысына, бұрынғы көшпелі халықтардың мәдени мұрасына қызығушылық зор екенін көрсетті, – деді Қазақстан Президенті.

«Достастықтың академиялық астанасы»

Жоғары оқу орындары мен жастар арасындағы қарым-қатынасты дамыту – бірлескен жұмыстың маңызды бағыты. Мемлекет басшысы студент алмасу және ғылыми тағылымдамадан өту ісін жандандыру үшін «Достастықтың академиялық астанасы» атты жаңа бағдарламаны іске қосуды ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Еуразиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын бірлесіп әзірлеудің де айрықша мәні бар. Президент мұндай тағдыршешті мәселенің ТМД елдерінде талқылануы орынды деп санайды.

• ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Мемлекеттер басшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жоспарды талқылады. ТМД саммитінің қорытындысы бойынша бірқатар құжаттар қабылданды.

Адамзат тарихындағы өшпес ерлік

Қазақстан Президенті келесі жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге қатысты ойын жеткізді.

– Бұл – Достастық елдерінің барлық халқын біріктіретін айтулы дата. Еркіндік пен әділдік салтанатының нышанына баланатын мазмұнды мереке. Біз әкелеріміз бен аналарымыздың, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің адамзат тарихындағы өшпес ерлігін әрдайым есте сақтауға тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).

ҰЛТТЫҚ ЖОБА



АРАЛ ТЕҢІЗІНЕ СУ ЖІБЕРУ ЖОСПАРЫ

Биыл 100%-ға жуық орындалды

Соңғы 5 жылда алғаш рет вегетация кезінде Арал теңізіне су жіберу жоспары 100%-ға жуық орындалды. Жалпы, 977 млн текше метр су жіберілді.

Соңғы жылдары теңізге 350–400 млн текше метр су келіп отырса, биылғы жылдың басынан бері бұл көлем 2 млрд текше метрден асты, ал жыл соңына дейін тағы шамамен, 500 млн жіберу жоспарланып отыр.

«Бүгінгі таңда Солтүстік Арал теңізінің су көлемі 22 млрд текше метрге жетті. Теңізге осыған дейін вегетация кезінде секундына 7–10 текше метр су жіберілген болса, биыл секундына 60–70 текше метр су жіберілді», – деп мәлімдеді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнулла Қазтоғанов.

Бұдан бөлек, Ақшатау-Сорғақ және Қамыстыбас көлдер жүйесіне 45 млн текше метрден астам су жіберілді. Бұл балық шаруашылығы мен туризмді дамытуға тиімді әсер етіп отыр. Мәселен, соңғы жылдары Арал теңізінің минерализациясы азайып, балықтың көбеюіне жағымды әсер етуде. Теңіз тартылғаннан бері жергілікті балықшылар жылына 400 тонна ғана балық ауласа, қазір 7,5-8 мың тоннаға дейін балық аулайды.

Қаратерен ауылының 76 жастағы тұрғыны, балықшы Күнтуған Тұрғанбаев өмір бойы осы кәсіппен айналысып келеді. Оның айтуынша, туған өлкеге су келгелі жаңа мүмкіндіктер пайда болған. «Көзімізді ашқаннан теңізден балық аулаумен айналысып келеміз. Су келгелі балық та жанданып, дарияға кіріп жатыр. Биыл былтырғыға қарағанда, балық көбірек. Аралды осы деңгейде ұстап тұрса, балық шаруашылығы дамиды», – дейді ол.



Осы ретте Су ресурстары және ирригация министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп Солтүстік Арал теңізін сақтау жөніндегі жобаны екінші кезеңіне дайындалып жатыр. Қазіргі уақытта жоба бойынша қажетті құжаттама әзірленуде. Екінші кезең Солтүстік Аралды тұрақты сумен қамтамасыз етуден бастап экономикалық және әлеуметтік жобаларды дамытуға дейінгі түрлі бағыттарды қамтиды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VIII СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

Мәулен ӘШІМБАЕВ:

«БІРЛІГІМІЗ ӘРАЛУАНДЫҚТА» ҚАҒИДАТЫ –

Әділетті Қазақстан үшін маңызды негіз

Димаш Құдайберген –
Ізгі ниет елшісіСенаттың Баспасөз қызметі
хабарлағандай, Астанада Әлемдік
және дәстүрлі діндер лидерлері
Съезі Хатшылығының XXII
отырысы өтті.

Бейбітшілік және келісім сарайында ұйымдастырылған кездесуге 19 елден келген дін қызметкерлері мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Ауқымды іс-шара түрлі ұлттардың және конфессиялардың ынтымақтастығын көздейтін идеяға табан тірейді. Отырысқа қатысушылар қазіргі сын-қатерлерді бірлесіп еңсеру жөнінде пікір алмасып, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алдағы VIII Съезінің күн тәртібін талқылады. Сондай-ақ, жиын барысында Съездің Ізгі ниет елшілері сайланды.

Сенат Спикері, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев рухани көшбасшылар 20 жылдан астам уақыт бойы Съезд аясында күш біріктіріп, діндер, мәдениеттер және халықтар арасындағы диалогты дамытуға, адамзатты алаңдатқан жаһандық проблемаларды шешуге елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысы әртүрлі ұлттардың және конфессиялардың ынтымақтастығын нығайтуға баса мән беріп келеді. Бұл ретте «Бірлігіміз әралуандықта» қағидаты Әділетті Қазақстан үшін маңызды негіз екенін атап өткен жөн.

«Мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты арттыру маңызды»

Сонымен қатар, Хатшылық басшысы қазіргі таңда жаһандық сын-қатерлер бір-бірімен тығыз байланысты екенін, мұндай жағдай олардың ықпалын арттыра түсетінін айтып, бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын тілге тиек етті. Геосаяси шиеленістердің салдарынан бейбіт тұрғындар зардап шегіп, халықаралық қоғамдастық қол жеткізген құндылықтарға нұқсан келуде.

«Бүгінде біз Таяу Шығыстағы ахуалға алаңдаулымыз. Осы орайда тараптарды бейбіт тұрғындардың құрбан болуынан және жағдайдың одан әрі ушығуынан сақтану үшін күш қолданудан бас тартуға шақырамыз. Мұндай ахуал кедейлік, теңсіздік және климаттық дағдарыс сияқты сын-қатерлерді күшейте түсетіні белгілі. Осындай проблема-



ларды азайту және еңсеру үшін барлық конструктивті күштердің әлеуетін біріктірудің мәні зор. Бұл ретте рухани дипломатияның маңызы артып келе жатқанын атап өткен жөн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің мақаласында атап өткендей: «Қазіргі таңда әлемде саяси белгісіздік белең алған жағдайда мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты арттыру аса маңызды». Сондықтан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі сияқты диалог алаңдарын дамыту айрықша мәнге ие», – деді Съезд Хатшылығының Басшысы.

Іс-шара барысында қатысушылар Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Съезді дамытудың 2023–2023 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға және соның аясында қазіргі таңдағы басқа да өзекті сын-қатерлерді бірлесіп еңсеруге назар аударды. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, нейрожелілер мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы кең мүмкіндіктермен қатар фейктердің таралуына да жол беріп, жаһандық тұрақтылыққа нұқсан келтіріп отыр. Осындай жағдайда Қазақстан аталған қатерлерді еңсеруге ықпал ете отырып, халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыруды жалғастыра береді.

«Жалған ақпараттың, оның ішінде жа-

санды интеллект арқылы әзірленген негізсіз деректің таралуы этностық, діни және әлеуметтік топтар арасындағы әртүрлі қақтығыстарға әкелуі әбден мүмкін. Бұл жағдайда бейбітшілікті, келісімді және өзара сенімді нығайтуға бағытталған шаралардың тиімділігін арттыру ерекше мәнге ие. Сондықтан Мемлекет басшысы Съезді дамытудың 2023–2023 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеуге бастамашы болып, Форумның миссиясын дәріптеудің нақты тетіктерін айқындау міндетін жүктеді. Бүгінде рухани көшбасшылармен және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп, аталған жұмыс жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізіліп келеді», – деген Сенат Төрағасы барлық қатысушыға осы бағыттағы нәтижелі жұмыс үшін ризашылық білдірді.

• Съезд Хатшылығының отырысына ислам, христиан, буддизм, иудаизм, даосизм, синтоизм және бахаи дінінің делегаттары, сондай-ақ, халықаралық ұйымдар мен Қазақстандағы діни бірлестіктердің өкілдері қатысты. Іс-шарада БАӘ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің Бас директоры Афра Мұхаммед Әлсабри құрметті мейман ретінде қатысып, сөз сөйледі.

ЖАС ДІНИ ЛИДЕРЛЕР ФОРУМЫ

Қазақстанда әлемнің 30-дан астам елінен келген делегаттар бас қосты

Елордада «Ортақ
болашақ жолында: жас
көшбасшылардың дінара-
лық диалогты нығайтудағы
рөлі» тақырыбына арналған
алғашқы Жас діни лидерлер
форумы өтті.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі аясында ұйымдастырылған іс-шараға әлемнің 30-дан астам елінен келген делегаттар қатысып, қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын талқылады. Отырыстың нәтижесінде жас дін лидерлерінің бірлескен үндеуі қабылданып, алдағы ортақ жұмыстың басым бағыттары белгіленді.

Форумды ашқан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың іс-шараға қатысушыларға жолдаған құттықтауын оқып берді. Онда Мемлекет басшысы екі жыл бұрын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде оның жұмысын жандандыратын жаңа тәсілдер ойластыруды ұсынғанын атап өткен. Бұл бастаманы делегат-



тар бірауыздан қолдады. Қазір осы бағытта бірқатар игілікті іс табысты жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі – Жас діни лидерлер форумы.

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өркениеттер үндестігін орнықтырып, бейбітшілік пен келісімді дәріптейтін бірегей диалог алаңы саналады. Осы аса маңызды іске жас буын өкілдерін жұмылдыру – уақыт талабы. Себебі, өскелең ұрпақ – қашан да жасампаздық пен жаңашылдықтың жаршысы. Түрлі елде тұратын жастардың дін саласындағы ынтымақтастығы адамзаттың рухани болашағын айқындауға тікелей әсер етеді. Қазір әлемде геосаяси қайшылықтардың салдарынан түрлі сын-

қатерлер пайда болды. Осы алмағайып кезеңде халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Ал оған жастардың белсене қатысуы жұмысқа тың серпін берері сөзсіз», делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Форум жас көшбасшылар арасындағы дінаралық диалогтың бірегей платформасына айналып, қазіргі сын-қатерлерді еңсеру ісінде жастардың күш-жігерін біріктіретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашуды көздейді.

«Қазіргі таңда жаһандық проблемалар ұшыға түскені белгілі. Фо-

рум өткізу идеясы осы сын-қатерлерге төтеп беретін тетік ретінде қолға алынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, бүгінгідей алмағайып кезеңде диалог орнату – жаңа қағидаттар мен нормалар арқылы келісімге қол жеткізетін қолайлы орта құрудың жалғыз жолы. Әлемде қақтығыстар мен қайшылықтар күшейіп тұрған тұста рухани дипломатия мәдениеттер мен діндер арасындағы алтын көпір ретінде маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, бұл қадам жаһандық сын-қатерлерді бірлесіп еңсеруде ерекше мәнге ие. Жас дін лидерлерінің алғашқы форумы осы миссияның маңызды бір бөлігі. Біз жас

көшбасшылар дінаралық диалогқа тың серпін беріп, бейбітшілік, толеранттылық және өзара түсіністік сабақтастығын сақтап, оны әрі қарай нығайта түседі деп сенеміз», – деді Съезд Хатшылығының басшысы.

Форум нәтижесінде қорытынды құжат – Жас дін лидерлерінің бірлескен үндеуі қабылданды. Онда қатысушылар Съездің және бірінші Форумның ұйыстырушы әрі жасампаз рөліне баса мән берді. Құжатта жастар өзара құрмет пен келісім, мейірімділік пен жанашырлық, түсіністік пен ынтымақтастық салтанат құрған әлем қалыптастыруға өздерінің білімдерін, күш-қуатын және ерік-жігерін жұмсауға дайын екендерін де атап өткен. Сондай-ақ, кездесуге қатысушылар 2025 жылы Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII Съезі аясында Жас дін лидерлерінің екінші Форумын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады.

• Жас дін лидерлерінің форумын өткізу идеясы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен қабылданған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезін дамытудың 2023–2023 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген басым бағыттардың бірі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz)



КЕЗДЕСУ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



САЯСИ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Абай университетінде референдум қорытындысы талқыланды

Алып шаһарымызда жалпыхалықтық референдум қорытындысы талқыланды. Іс-шара Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде студенттер мен профессор-оқытушылар ұжымы арасында өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттер мен оқытушылар арасында атом энергетикасының қауіпсіздігін, оның экологиялық және экономикалық аспектілерін саралау. Сондай-ақ, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі АЭС салудың рөлін түсіндіру. Кездесу аясында қатысушылар Қазақстанда АЭС салуға қатысты өткен референдум қорытындысын талқылады.

– Қоғамдық дамудың, соның ішінде цифрлық дамудың маңызды бөлігі энергетика. Біз геосаясатта өзіміздің позициямызды жоғалтпау үшін энергетика саласын дамытуымыз керек. Соңғы 2 жыл бойы халқымыз өзінің саяси сауаттылығын көрсетті. Соның нәтижесін референдумның қорытындысынан байқап отырмыз. Жалпы, бұл референдум Президентіміздің халық үніне құлақ асатын мемлекет позициясының жарқын көрінісі болды. Сондай-ақ, халқымыз болашақта дамуымызға ықпал

ететін стратегияға дауыс берді. Шет елден келген сарапшылар да жоғары бағаларын берді. Бұл еліміздің демократиялық жағынан да көтерілгенін көрсетеді, – деді ҚАЗҰПУ саясаттану кафедрасының меңгерушісі Жомарт Симтиков.

– Референдум бойынша халықтың көпшілігі АЭС салуды қолдады. Қарсы болғандар да бар. Бұл біздің демократиямыздың көрінісі. Кез келген мемлекетте болатын сипат. Яғни 20 миллион халықтың ойы бірдей емес. Әр адамның өз пікірі болады. Халық арасында жүргенде оларды толғандыратын үш негізгі сұрақ бар. Олар жемқорлық, қауіпсіздік және қай мемлекет құрылыспен айналысады.

Осы сұрақтардың барлығына әртүрлі саладағы мамандарымыз толыққанды жауап берді. Алайда, әлеуметтік желіде тарап жатқан жалған ақпаратқа сеніп жатқандар да аз емес. Яғни бірінші кезекте жұртшылыққа дұрыс ақпарат беруіміз керек, – деді ҚАЗҰПУ әлеуметтік жұмыстар маманы Дидарбек Ділдібек.

ҚР ОРК ОТЫРЫСЫ

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТАРИХИ ШЕШІМ

Елімізде 5 миллион 561 мың 937 адам атом электр станциясын салуды қолдап дауыс берді



6

қазан

октябрь

РЕФЕРЕНДУМ 2024



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ

УСТАНОВЛЕНИЕ ИТОГОВ РЕСПУБЛИКАНСКОГО РЕФЕРЕНДУМА

Референдумға қатысу құқығы бар

ҚР азаматтарының жалпы саны

12 284 487

Общее число граждан РК,

имеющих право участвовать в референдуме

Дауыс беруге

қатысқан азаматтар саны

7 820 204

63,66%

Число граждан,

принявших участие в голосовании

«СІЗ ҚАЗАҚСТАНДА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН САЛУҒА КЕЛІСЕСІЗ БЕ?»

МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗІЛДІ ДЕП САНАЛСЫН

СЧИТАТЬ СОСТОЯВШИМСЯ РЕФЕРЕНДУМ ПО ВОПРОСУ

«СОГЛАСНЫ ЛИ ВЫ СО СТРОИТЕЛЬСТВОМ АТОМНОЙ ЭЛЕКТРОСТАНЦИИ В КАЗАХСТАНЕ?»

Мәселенің оң шешімі

үшін дауыс бергендер

5 561 937

71,12%

Проголосовавших

за положительное решение вопроса

РЕФЕРЕНДУМҒА ҚОЙЫЛҒАН МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

СЧИТАТЬ ПРИНЯТЫМ РЕШЕНИЕ ПО ВОПРОСУ, ВЫНЕСЕННОМУ НА РЕФЕРЕНДУМ

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясында Нұрлан Әбдіровтің төрағалық етуімен республикалық референдумның қорытындылары бойынша ҚР ОРК отырысы өтті.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы ұсынылған хаттамалар негізінде бүкілхалықтық дауыс берудің қорытындыларын анықтады. Референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 миллион 284 мың 487 адамды құрады.

2024 жылғы 6 қазандағы Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша бүкілхалықтық дауыс беруге 7 миллион 820 мың 204 адам немесе референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар санының 63,66% қатысты. Осылайша референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысып, «Республикалық референдум

туралы» Конституциялық заңның 31-бабына сәйкес референдум өткізілді деп есептеледі.

Еліміздің барлық өңірлерінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың 71,12%-ы немесе 5 миллион 561 мың 937 адам Қазақстанда атом электр станциясын салуды қолдап, дауыс берген. Қазақстанда атом электр станциясын салуға қарсы дауыс берген азаматтардың саны дауыс беруге қатысқандардың ішінен 2 миллион 045 мың 271 адамды құраған. Осылайша «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 31, 34-баптары негізінде, референдумға шығарылған мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі, өйткені оның оң шешімін дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы қолдап, дауыс берген.

Референдум қабылдаған шешімнің міндетті күші болады және актілермен қосымша растауды талап етпейді. ҚР Орталық референдум комиссиясы «2024 жылғы 6 қазандағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындылары туралы» қаулы қабылдады.

Нұрлан Әбдіров референдумды ұйымдастырушыларға – оны дайындау мен өткізу бойынша атқарған жұмысы

* Аумақтық референдум комиссияларының деректері бойынша, дауыс беру күні референдум учаскелерінде 244 аккредиттелген қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың 17 449 байқаушысы мен ҚР бұқаралық ақпарат құралдарының 1427 өкілі, ҚР бұқаралық ақпарат құралдарының 1427 өкілі қатысқан. * Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 177 байқаушысы, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының 200 өкілі қатысқан.

үшін халықаралық байқаушыларға, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне – дауыс беру процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге жәрдемдескені үшін, ал азаматтарға белсенді азаматтық ұстанымы үшін алғысын білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: election.gov.kz).

БАСҚОСУ

ЭНЕРГЕТИКА

өркендеуіміздің күретаыры

«Алатау» ықшамауданында орналасқан Ядролық физика ғылыми-зерттеу институтында жалпыхалықтық референдум қорытындысы талқыланды.

Айнабай
МӘДИ

Ғылыми-зерттеу институтының білікті мамандарымен бас қосқан Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Байтақ» партиясы мен «Аманат» партиясы Медеу аудандық филиалының жетекшісі өкілдері жалпыхалықтық референдум қорытындысына көңілі толатынын білдіре келе, бір ай бойы өздерімен бірге еліміздің аймақтарын аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде белсенділік танытқан институт мамандарына алғысын айтты.

«Атом энергетикасының қауіпсіздігі – әлбетте, энергетикалық қауіпсіздік. Сол арқылы еліміз энергетикалық тәуелсіздікке ұмтылып отыр. Кешегі өткен референдумға қатысты сауалдар да негізінен осы төңіректе, яки АЭС-тің қауіпсіздігі мен оны кімдердің

салатыны, бұл нысандарда кімдердің жұмыс істейтіні жөнінде өрбігені рас», – деді өз сөзінде жүйеға қатысқан Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Аманат» фракциясының мүшесі Жандос Нәдіров.

Басқосуға қатысқан мамандар экологиялық және экономикалық аспектілерді саралады. Сондай-ақ, жетекші мамандар тілші қауымға еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі АЭС салудың рөлін кеңінен түсіндірді. Геосаясаттағы өз позициямызды жоғалтпау жолында «өркен жаюымыздың күретаыры» саналар энергетика саласын дамытуымыз аса қажеттігін нақты айтты. Соңғы екі жылда ел-жұртымыз саяси сауаттылығын танытты. Соның нәтижесі референдум қорытындысынан байқалады.

«Жалпы, бұл саяси науқан – халық үніне құлақ асатын

үкіметтік позицияның жарқын көрінісі. Демек, халқымыз болашақта дамуымызға ықпал ететін стратегияға дауыс берді деп ойлаймын. Алыс-жақын шет елден келген сарапшылардың да бұл саяси науқанға биік баға беруінің бір мәнісі осында.

Бұл белсенділік еліміздің демократиялық жағынан өсуін де көрсетеді. Қоғамдық дамудың, соның ішінде цифрлық дамудың маңызды бөлігі – энергетика десек, бұл атомдық реакторлар толықтай сандық форматта, автоматтандырылған жүйемен жұмыс істейді.

Осы кезге дейін еліміздің аумақтарында жұмыс істейтін үш оқу-жаттығу атом реакторы бар. Бірі – Алматыда, екеуі – Құрчатов қаласында. Біз жұмыс барысында тығыз байланыстамыз. Мамандар жағы жеткілікті, әлі де ынталы түлектерді негізгі мамандықтарға еліміздің үш өңіріндегі жоғары оқу орындары даярлауда», – дейді Ядролық физика институты бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, физика-математика ғылымының кандидаты Евгений Ермаков.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Физика-техникалық факультетінің қызметкерлері 6 қазанда өткен АЭС құрылысы бойынша референдум қорытындыларын талқылады. Жиынды Физика-техникалық факультетінің деканы Нұрзада Бейсен ашып, жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде атом энергиясын басқару мәселелеріне қызығушылықты арттыру аясында тиісті мамандықтардың мамандарын даярлауға баса назар аударды.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Рая
ЕСКЕНДІР

– Жалпы, Қазақстан халқы үшін АЭС салудың орындылығы туралы тағдырлы шешім уақытпен қатар жүруге және ғылыми-техникалық процестің артында қалмауға мүмкіндік береді. Дүние жүзінде көптеген станциялар жұмыс істейді. Қазіргі заманғы әдістер ядролық отынды қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Радиоактивті элементтерді сақтау және оны өңдеу технологиялары жетіліп, жыл сайын жақсарып келеді. Басы анық дүние – ғылым бір орында тұрмайды, – деп атап өтті ҚР ҰҒА академигі, ҚазҰУ Теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі Медеу Әбішев.

«Дөңгелек үстел» барысында ҚазҰУ ғалымдары атом энергиясын

енгізу бойынша Жол картасын әзірлеумен айналысу қажет екенін тілге тиек етті.

– АЭС салу және пайдалану жоғары білікті мамандарды талап етеді, бұл ядролық физика, энергетика, материалтану және сабақтас пәндер саласындағы білім мен зерттеулердің дамуын ынталандыратын болады. Қазақстан атом энергетикасы саласындағы маңызды елдердің біріне айналады, ғылым мен технологияға халықаралық ынтымақтастық пен инвестициялар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеулер, атом энергетикасын дамытудың халықаралық бағдарламаларына қатысу, басқа елдермен тәжірибе алмасу Қазақстанға осы саладағы өз позициясын нығайтуға мүмкіндік береді, – дейді Нұрзада Бейсен.

ӘУЕ ЖОЛЫ

ӘКІМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙ

1000 орынды көпқабатты автотұрақ салу
жоспарланып отыр

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен TAV Airports Holding бас директоры Серкан Каптан Алматы халықаралық әуежайының қазіргі мәселелері мен оны дамыту жоспарларын талқылады. Жаңа халықаралық терминалдың іске қосылуынан кейінгі әуежайдың мәселелері, сондай-ақ инфрақұрылымды жақсарту мен қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған шаралар кеңестің басты тақырыбына айналды.

Кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жаңа терминалдың жоспарланған мерзімнен екі ай бұрын, яғни 2024 жылдың I маусымында ашылғанын және ол жолаушылардың жайлылығы мен қызмет көрсету деңгейін айтарлықтай арттыруға тиіс болғанын атап өтті. Алайда, ашылғаннан кейін терминалдың дренаж жүйесінің істен шығуы, эскалаторлардың дұрыс жұмыс істемеуі, жүк беру кезінде кідірістер, қабырғадағы жарықтар және т.б. кемшіліктер анықталды.

Қала басшысы бұл кемшіліктер жолаушылардың наразылығын тудырғанын атап, жағдайды түзету бойынша қабылданған шараларды талқылауды ұсынды.

TAV Airports Holding бас директоры Серкан Каптан

әуежай бірқатар қиындыққа тап болғанын және оларды шешу үшін кешенді тәсіл қажет екенін айтты. Ол жаңа терминалдағы бұрын анықталған кемшіліктер толығымен жойылғанын хабарлады. Қазіргі уақытта дренаж жүйесін қалпына келтіру және оны қалалық желілерге қосу жұмыстары аяқталып келеді, ішкі терминалды қайта құру – тіркеу аймақтарын, күту залдарын және жүк беру аймақтарын кеңейту, телетраптарды ауыстыру жұмыстары қолға алынған.

Серкан Каптан жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған жоспарын да жеткізді, олардың ішінде сол жақ ұшу-қону жолағын толық қайта құру, перрондарды және мұзға қарсы алаңды жаңарту, аэродром жабдықтарын жаңарту, дренаж жүйесіндегі мәселелерді шешу және т.б. шаралар бар.

Кенес барысында көлік инфрақұрылымы түйткілі де талқыланды. Әуежайдағы автотұрақ орындары мен кіреберіс жолдағы қиындықтар белгілі бір қиындық туғызады. Қарбалас сәтте әуежайға кіру 45 минутқа дейін уақыт алуы мүмкін, бұл қолданыстағы жол инфрақұрылымын қайта қарауды талап етеді. Қазіргі уақытта әуежайда 551 орынды 3 тұрақ аймағы ашылды. Алдағы уақытта осы мәселені шешу үшін инвестор 1000 орынды көпқабатты автотұрақ салуды жоспарлап отыр.

Кездесу соңында тараптар Алматы халықаралық әуежайының сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тығыз ынтымақтастыққа және қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға дайын екенін мәлімдеді.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

6 мыңнан астам өтінішті қарады

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» қалалық бағдарламасы бойынша мегаполис тұрғындарынан 6118 өтініш түскен.

Өтініштер мәслихат депутаттарының, қоғамдастық өкілдерінің, құрылыс және абаттандыру саласы мамандарының қатысуымен әр аудан әкімдігі жанынан құрылған сараптамалық кеңестерде сарапталды.

Сарапшылар келіп түскен өтінімдерді белгіленген санаттар бойынша «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының талаптары мен өлшемшарттарына сәйкестігіне, нобайы мен болжалды сметасының болуына баға берді. Енді әрбір өтінім үш мәртебенің бірін алады: «Дауыс беруге жіберілді», «Қайта қарауға жіберілді» немесе «Қабыл-

данбады». «Халық қатысатын бюджеттің» барлық ережелеріне сәйкес берілген өтінімдер мақұлданады және дауыс беру кезеңіне жіберіледі.

Қайта қарауға жіберілген ұсыныстардың авторлары ағымдағы жылдың 10 қазаны мен 14 қазанын қоса алғанда, өз жобаларын түзетіп, қайта қарауға өтінімдер беру мүмкіндігіне ие болады.

Авторлар budget.open-almaty.kz интернет-порталында тіркелу кезінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына өтінімді пысықтау қажеттілігі туралы хабарлама алады. Дауыс беруге жіберілген жобалар «Жобалар» бетінде «мәртебе» сүзгісі арқылы жарияланады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша кеңес немесе ақпаратты аудан әкімдіктерінен, сондай-ақ Open Almaty Алматы қаласы әкімдігінің Қоғамдық қабылдауынан 224-39-29 (ішкі 203) телефоны арқылы алуға болады.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ТОЗҒАН ҚҰБЫР ЖАҢАРДЫ

Түрксіб ауданында 57 жыл бұрын пайдалануға берілген
құбыр ауыстырылды

Алматыда Сүйінбай даңғылы бойындағы Гаршин көшесінен Бекмаханов көшесіне дейінгі аралықтағы құбырды ауыстыру жұмыстары аяқталды.

Құралай
ЖҰМАДИЛОВА

Биыл қайта жөнделген бөліктің ұзындығы 644,5 метр. Ауыстырылған құбыр 1967 жылы пайдалануға берілген және қазіргі уақытта 3 көпқабатты тұрғын үй мен 1 жеке үйді жылу және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Жалпы, биыл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен қалада 20 шақырым жылу жүйесі қайта

жаңғыртылуда. Алматының 6 ауданында жылытуаралық кезеңге жоспарланған қайта құру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Жылу желілерін қайта құру жүргізілген аумақтарды абаттандыру ауа райына қарай кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, қозғалысты шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram арнасында, аудандық әкімдіктер мен басқармалардың әлеуметтік желісінде, сондай-ақ 2GIS пен «Яндекс карталар» сервисінде жарияланған.

МҰРАҒАТ

Алматыда «Мұра институттары – қоғамды орнықты дамыту жолында» атты архившілердің II конгресі өтті. Аталған конгрес 20 мемлекеттен архив қызметінің басшылары мен қызметкерлерін, ғалымдар мен сарапшылардың басын қосты. Бұл шараны Қазақстан Президенті Архиві ұйымдастырды.

АРХИВШІЛЕРДІҢ
II КОНГРЕСІАйнабай
МӘДИ

«Архившілер конгресі халықаралық диалог құруда бірегей мүмкіндік ұсынады. Биыл құрылғанына 30 жылдығын атап өтетін Қазақстан Президенті Архиві – осы форумның ұйымдастырушысы. Бұл бір жағынан, осы шараның сәтті өтуіне ерекше жауапкершілік жүктейді», – деп атап өтті Ә.Мұстафина.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 2023 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары саммитінде Тұрақты даму мақсатына қол жеткізу – елімізде ұлттық басымдық екенін атап айтты. Тұрақты даму мақсатын ілгерілету мәселесі архив саласында айрықша қолға алынуда.

Конгрес кезінде архивтерді тиімді басқару, қоғамның тарихын қалыптастыруда мұрағаттар институтының рөлі, сондай-ақ өзгеруші климат жағдайында архив мұраларын сақтаумен байланысты халықаралық диалог пен құқықтық шақыртуға қатысу тақырыбы талқыланды. Ұйымдастырушылар Конгрес мұрағат ісін дамыту жолында, оның жандандық орнықты даму жүйесіндегі рөлі маңызды болатынына сенімді. Сондай-ақ, басқосу барлық қоғамдық институтты пікірталас пен диалогқа белсенді қатысуға шақырды.



СЕРІКТЕСТІК



Екіжақты ынтымақтастық

Шаһар басшысы АҚШ-тың бизнес-миссия делегациясымен кездесті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев АҚШ Сауда палатасының Таяу Шығыс, Түркия және Орталық Азия істері жөніндегі аға вице-президенті Куш Чокси мырза бастаған АҚШ бизнес-миссия делегациясымен кездесті. Chevron Corporation, Citibank, Global Data Risk, John Deere, Mayer Brown, Wolt, Medtronic, VISA және т.б. ірі халықаралық компания өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде сауда-экономикалық, инвестициялық және инновациялық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі аспектілері талқыланды.

Қала басшысы азық-түлік өндірісі, цифрлық технология, қаржы қызметі, туризм және қызмет көрсету сынды көптеген саланы қамтитын АҚШ-пен стратегиялық серіктестіктің маңыздылығын атап өтті. 2024 жылы Алматы мен АҚШ арасындағы тауар айналымы шамамен 680 млн АҚШ доллары болды. Қазір қалада америкалық капиталдың қатысуымен 343 кәсіпорын жұмыс істейді, бұл сауда байланысын одан әрі кеңейтуге септігін тигізеді.

Кездесуде талқыланған маңызды тақырыптың бірі қаланың инфрақұрылымы мен логистикалық мүмкіндіктерін дамыту, сондай-ақ Алматы мен Нью-Йорк арасындағы тікелей әуе рейстерін ашу арқылы елдер арасындағы экономикалық және мәдени байланысты нығайтудың маңыздылығы сөз болды.

Кездесу соңында Ерболат Досаев барлық қатысушыға алғыс білдіріп, екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі табысты дамитынына сенім білдірді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Жұмысшы мамандықтар жылы:

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК ИДЕЯСЫ

Елордада Халықаралық жұмысшы мамандықтарының жастар форумы өтті

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Астанада «Еңбек эволюциясы: Климат, Құзыреттілік, Код» тақырыбында Халықаралық жұмысшы мамандықтарының жастар форумы өтті.

Жиында Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан сарапшылары сөз сөйлеп, климаттық өзгерістердің, цифрландырудың және жаңа технологиялардың жұмысшы мамандықтарына әсерін талқылады. Министрліктің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров өз сөзінде бұл мәселелердің өзектілігін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіптік



білім беру жүйесін реформалау қажет. Жұмысшы мамандықтар жылы қоғамымызда еңбекқорлық пен кәсібилік идеясын ілгерілетуге ықпал етеді», – деді Қайрат Қамбаров. Форум қатысушылары үшін жасанды

интеллекпен жұмыс істеу дағдыларын және PR, SMM негіздерін үйретуге арналған практикалық сессиялар ұйымдастырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МАРАПАТ

Спортшыға қызметтік баспана берілді



Алматы әкімдігі Паралимпиада ойындарының қатысушысы Кәмиля Досмалованы құттықтады.

Кәмиля Досмалова – пара-таэквондодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ол Парижде өткен XVII жазғы Паралимпиада ойындарында бесінші орын алды. Алматы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов спортшы мен оның жеке жаттықтырушысы Әнуар Үсеновты ерік-жігер мен табандылықтың үлгісін көрсеткендерін атап өтіп, табысты өнер көрсетуімен құттықтады.

Кездесу барысында Бейбіт Шаханов Кәмиля Досмалова мен оның жаттықтырушысына Премьер-Министр Олжас Бектеновтың атынан Алғыс хаттар табыс етті.

Бейбіт Шаханов сонымен қатар, Кәмиля Досмаловаға 2 миллион теңгелік ақшалай сертификат, ал Әнуар Үсеновке 1,5 миллион теңгелік сертификатты тапсырды. Сонымен қатар, спортшыға қызметтік баспана берілді.

«Бізге қолдау көрсеткен барлық қазақстандықтарға, сондай-ақ Алматы әкімдігіне зор алғысымды білдіремін. Бұл қолдау менің болашақ жетістіктеріме негіз болады», – деді Кәмиля Досмалова.

Өткен Паралимпиадада Қазақстан құрамасы рекордтық тоғыз медаль жеңіп алды, оның ішінде 2 алтын, 3 күміс және 4 қола.

Зияткерлік меншіктің жаңа нысаны:

«АЛМАТЫ АПОРТЫ»

«географиялық нұсқамаға» тіркелді



Айнабай
МӘДІ

Жарты млрд теңге өндірілді

Алматыда 41 миллион теңгеден астам сомаға 39 мыңнан астам контрафактілік өнім тәркіленді.

Осыншама құқықбұзушылыққа қатысты 5 865 348 теңге айыппұл салынды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы бойынша Әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева мәлімдеді. 2024 жылдың 9 айында жеке және заңды тұлғалардың өтінішімен тауар таңбасын заңсыз пайдалану фактісіне қатысты 80 кезектен тыс тексеру жүргізілген. Департаментте халықтың зияткерлік құқығын қорғауды арттыруға бағытталған рейд, ақпараттық науқан өткізілді. Сондай-ақ, еліміздегі креативті экономиканың ауқымды дамуына жағдай жасауға баса назар аударылды. Соның ішінде зияткерлік меншікті заңды тәсілдермен қорғау бар.

Сонымен қатар, департаментте зияткерлік меншіктің жаңа нысаны (объектісі) – «географиялық нұсқама» енгізілгені туралы хабарланды. Бұл еліміздің белгілі бір өңірінде өндірілетін тауарларды бірегей деп бөлуге көмектеседі. Бұған былтыр «Түркістан шоколады», «Түркістан балмұздақ», «Қара-

ғанды балмұздақ», «Чача-Чача» мен әйгілі «Алматы апорты» сияқты тауарлар тіркелген.

Департамент басшысы Балайым Кесебаеваның айтуынша, жекеменшік сот орындаушыларының қарауында 22 688 алименттік іс болған, оның тек 70-і нақты орындалған, 2879-ы аяқталған, ал 1000 іс проблемалы болып қалуда. «Жыл басынан бері алимент алушылардың пайдасына 500 миллионнан астам теңге өндірілді. Осы шаралар аясында 37 автокөлік пен 5 жылжымайтын мүлік іске асырылды», – деді Б.Кесебаева. Алайда, алиментке қатысты сот шешімін орындау көбіне-көп борышкердің ақшасының, тұрақты жұмыс орнының немесе өндіріп алуға жататын мүлкінің болмауына байланысты күрделене түседі.

Автоматтандырылған жүйе

«Осындай қиындықтарға жасау ретінде жыл басынан бері Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы мен Халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп үш жұмыс жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Осы шаралардың арқасында 234 борышкер жұмыспен қамтылды, бұл жағдай алимент өндіріп алу тиімділігін едәуір арттырды. Егер борышкер жұмысқа орналасудан бас тартса, оны әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік күтеді», – деп сөзін толықтырды спикер.

2024 жылы енгізілген жаңалықтардың бірі – шағын

айыппұл мен қарызды өндіріп алуға бағытталған «Жеңілдетілген өндіріс» бағдарламасы. Кесебаеваның айтуынша, 20 АЕК-ке дейінгі айыппұл 20 тамыздан бастап автоматтан-дырылған жүйе арқылы өндіріледі. Бұл жүйе, егер борышкер шешіммен келіссе, жеке сот орындаушының қатысуынсыз-ақ өндіріп алу процесін жеңілдетеді.

«Біз азаматтарымыздың мүддесі үшін атқарушылық өндіріс тиімділігін арттыруға және рәсімдерді жақсартуға бағытталған жұмысты жалғастырамыз. Жеңілдетілген өндірістің енгізілуі – өндіріп алу процесінің автоматтандырылуы мен ашықтығына қарай жасалған үлкен қадам», – деп қорытындылады департамент басшысы Балайым Кесебаева.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қаласында 24 мемлекеттік және 291 жекеменшік сот орындаушысы қызмет атқаруда. Олардың негізгі міндеті – сот актілерін мәжбүрлі түрде орындау. Шаһарымызда биылғы тоғыз айда адвокаттар мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы аясында 13 175 азаматқа тегін заң көмегін көрсетті.

«САНА БИЗНЕС ФОРУМ 2024»

Кәсіпкер қазақ азаматтарының басын қосып, қазақтілді іскерлік орта қалыптастыруды көздейтін Сана бизнес форумы екінші мәрте өткелі отыр. Түрлі саладан табысқа жеткен азаматтардың бас қосып, тәжірибе алмасуы, өзара іскерлік ынтымақтастық құруы, ең маңыздысы осы ортаның қазақтілді болуы елдік тұрғыда айрықша мәнге ие. Олай болса, жобаның мәні мен мақсатын, жеткен жетістігі мен жетпек биігі жайында жоба жетекшісі Мақсат ХАЛЫҚ мырзамен болған шағын әңгімеден біле аласыздар.



Мақсат ХАЛЫҚ:

БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ҰЛТТЫҚ БУРЖУАЗИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

– Мақсат мырза, Сана бизнес форумын биыл екінші мәрте өткізгелі отырсыздар. Әуелі жобаның алға қойған мақсаты туралы айтып өтсеңіз?

– Иә, апта соңында Алматыда Сана бизнес форумы екінші мәрте өткелі тұр. Бұл ретте форум 400-ге жуық кәсіпкердің басын қосқалы отыр. Естеріңізде болса, былтыр бірінші рет форумды 15 тамызда өткізген болатынбыз. Онда 300-ден аса кәсіпкер жиналған болатын, биыл қанатымыз тіпті де кеңге жайылып жатыр. Шараға негізінен, мақсатты түрде, орта-шағын бизнес өкілдерін тартып жатырмыз. Ал енді басты мақсатымызға келетін болсақ, осы арқылы қазақ іскерлік ортасын қалыптастыру дер едік. Былайша айтқанда, ұлттық буржуазия қалыптастыру десек те болады. Әр ұлтта өзінің ұлттық буржуазиясы болуы керек, жалпы оны орта тап өкілдері деп те атайды. Яғни өзін-өзі жетілдірген, өз-өзіне қызмет жасай алатын, экономикалық тәуелсіз, қазіргі қазақтың заманауи жаңа байларын шығару деуге болады.

Қарап тұрсаңыз, байлардың өзі де екіге бөлінеді (күлді). Абай атамның 11-ші қара сөзінде «Бұзық байларды жөңдей алмадым» дегені бар емес пе. Сондықтан елге қызмет ету үшін өз ісіне жауапты, сөзіне берік, жүрегінде халыққа, елге қызмет етсем деген арман-ниеті оны кәсіпкерлердің басын біріктіру өте маңызды. Бұндай өз ісін жолға қойған қазақтың кәсіпкер азаматтары елдің түкпір-түкпірінде, тіпті алыс шет елдерде де бар. Ал олардың жетістігін жалпы елдің жетістігіне айналдыру үшін, елдің болашағына игілік әкелу үшін олардың басын біріктіретін орта керек. Мінеки, Сана бизнес форумының басты мақсаты осы жерде көрінеді. Осындай қазақтың азаматтарын лайықты, жоға-

ры деңгейдегі ұйымдастырылған ортада басын қосып, пікір, тәжірибе алмасуына жол ашу.

Ал енді осындай жоғары деңгейдегі шараны біз мақсатты түрде қазақ тілінде өткіземіз. Осыған ұқсас түрлі республикалық, халықаралық шаралардың бәрінде дерлік сәлемдесулері ғана мемлекеттік тілде басталып, негізгі тақырыптар басқа тілдерде талқыланып жатады. Бұл біздің жүрегімізді ауыртатын. Осыдан барып, неге біз осындай жоғары деңгейдегі форумды республикалық, тіпті халықаралық масштабта қазақ тілінде өткізбеске деген мақсатқа ұйыстық. Ал өз тілімізде, өз іскерлік мәселемізді талқылайтын ортаның расында жоғары деңгейде болуына да айрықша мән беріп отырмыз.

– Бірінші рет өткен Сана бизнес форумының іскерлік ортаға қандай жағымды ықпалы болды деп санайсыз?

– Өткен форумның ең үлкен нәтижесі ретінде бірқатар кәсіпкер азаматтардың бір ортада тоғысуы дер едім. Олар өзара тиімді жобаларды бірге жүргізіп те жатыр. Оған қоса, алғашқы бизнес форумынан кейін көптеген қазақ кәсіпкерлері біздің МВА-ға оқуға түсті. Яғни бизнесін белгілі деңгейде жолға қойып алған азаматтар енді ары қарай даму үшін академиялық білім алып, бизнес басқарудың магистрлік деңгейін меңгеруге ынталары оянды. Осы арқылы бизнесті жүйелі басқару, кәсіпті дамытуға тың өріс тапты. Демек, біз осы ағартушылық бағытта бір қадам алға ілгерілей алдық. Қарап отырсаңыз, нарықта іскерлікті дамытудың түрлі курстары бар, бағалары да қымбат. Бірақ олардың бірі біздің іскерлік ортаға сай бола бермеуі мүмкін. Кей шәкірттеріміз айтып отыр, оларға барып бір күнде екі миллион теңге төлеп кететін кездері де бар екен. Оның есесіне, біз сон-

дай бағаға бір жылдық академиялық бағдарлама ұсындық.

Ең бастысы, азаматтарымыз кәсіпкерлікті жүйелі басқарудың құндылығын, оның жоғары білімін алып жатыр. Бұл бағдарламаны біз өзіміз де ойлап тапқан жоқпыз. Бар болғаны дамыған елдердегі бизнес басқарудың озық академиялық білімдерін өз ортамызға бейімдей отырып, қазақ тілінде азаматтарымызға ұсынып отырмыз.

– Кезекті форумның көтеретін тақырыптары мен жаңалығы туралы айтыңызшы?

– Форум үш негізгі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімі «Даму» деп аталады, онда біз барынша ірі кәсіпкерлерді, миллиардтан айналымы бар бизнес өкілдерін шақырып отырмыз. Олар форумда өзінің микро-бизнестен ірі бизнеске дейінгі даму жолдарын, ондағы тәжірибелерін бөлісетін болады. Оған қоса, жүйелі кәсіп құру бойынша әр қонағымыз бір-бір тақырыпты көтеретін болады.

Екінші бөлімді «Инновация» деп атап отырмыз. Бұл бөлімде кәсіптегі жаңашылық тақырыбы көтерілмек. Атап айтсақ, жасанды интеллект сынды жаңа технологиялардың бизнеске қатысуы, төртінші өнеркәсіптік төңкеріс болып жатыр дейміз, соған қатысты ең жаңа тенденциялар ортаға салынбақ. Бұл тенденциялардың қазақ бизнесіне тигізетін әсер ықпалы, кейбір тиімділіктері, қазір сөз болып жүрген «Көк мұхит стратегиясы деген не?» дейтіндей, қызықты тақырыптар да қосылған.

Ал «Серпіліс» деген үшінші бөлімге бизнестен басқа салалардағы табысқа жеткен тұлғалардан да спикерлер тартып отырмыз. Айталық, Парижде алтынмен оралған Елдос Сметовті де осы бөлімнің спикерлері қатарынан көре аласыздар. Ол

әрине бизнес өкілі болмаса да, үш реткі Олимпиада ойындарында жүлделі оралып, соңғы алтын медальға қадам-қадаммен, аса бір табандылықпен жеткен жолы, жігері мен қайсарлығы бизнес өкілдеріне де, жастарға да үлгі бола алады ғой деп ойлаймыз. Оған қоса, жастар арасында да іскерлік ортаны құрып жүрген біраз азаматтар бар. Солардың да басын қосып Niet-Working деген панелдік сессиясы өтеді.

Енді кезекті форумның басты жаңалығының бірі болады деп ойлаймыз, осы шарада біз «Сана бизнес академиясының» тұсауын кескелі отырмыз. Яғни кәсіпкерлікпен айналысам деген қазақ азаматтарға академиялық білім беретін мектептің ашылуы да осы шарамен бірге өтпек. Міне, осындай жаңалығымыз бар.

– Осы туралы тарата айтыңызшы. Бұл сонда кәсіпкерлік бойынша академиялық білім беретін оқу орны болмақ қой.

– Сана бизнес университеті деп отырмыз, бірақ қазір енді біз ресми тіркелген білім орны саналмаймыз, лицензия алу бойынша министрлікпен жұмыс істеп жатырмыз. Ал лицензияға ие болмағаннан кейін бізден білім алған адамдарға ресми диплом бере алмаймыз ғой, сондықтан академиялық ортадан білім алған түлектерімізді жай сертификатпен қайтармас үшін «Нархоз» университетімен келісімге келдік. «Нархоздың» бизнес мектебі бар, осымен Сана бизнес академиясы арасында бірлескен МВА бағдарламаларын ұсынбақшымыз. Бұл бағытта жұмыс істеуге менің тәжірибем бар, 4 жылдай бизнес мектебінде жетекшілік еттім, онда да америкалық, еуропалық МВА бағдарламалары негізінде қазақша бағдарламаны түзе алғанбыз. Бұны енді тоқтатып тастамай, ары қарай жалғастырғымыз келеді. Әрі осыған аса білікті мамандарды тартып жатырмыз, Гарвард, Оксфорд секілді әлемдегі белгілі жоғары оқу орындарының түлектері. Олар өзі оқыған оқу орындарының бағдарламаларын ұсынбақ. Ондағы мақсат та әуелгіден алыс емес, ағартушылық арқылы кәсіпкер азаматтарды біріктіру, ағартушылық арқылы дамушы орта қалыптастыру.

– Жобаны ары қарай қалай дамытқыларыңыз келеді?

– Бұл жобаның болашағынан көп үміт күтеміз. Алдағы уақытта форум тек Алматыда ғана емес, еліміздің әр өңірінде өтеді деп ойлаймыз. Айталық, Астана, Шымкент, Атырау, Ақтау секілді өңірлерде өткізе отырып, сол өңірдің экономикалық, салалық ерекшеліктеріне қарай экономикалық модель құруды көздейтін шараға айналады деген үмітіміз бар. Ондай болған жағдайда форумға барынша жергілікті кәсіпкерлерді тарта отырып, оларға экономикалық, іскерлік тиімді кеңестер ұсына аламыз. Бұл өз кезегінде өңірлерден шыққан кәсіпкер азаматтардың туған еліне тіпті де көбірек үлес қосуына жағдай жасайтын болады. Әрі осы азаматтарды үлкен іскерлік ортаға тартып, ел жастарына адал еңбек етіп жүрген кәсіпкерлерді үлгі етсек деген мақсат мұратымыз да бар.

Мұның маңызы не десеңіз, қазір көптеген жастарымыз кәсіпкерлікке бет бұрғысы, өзін экономикалық тәуелсіздікке жеткізіп, сол арқылы айналасына игілік әкелгісі келеді. Сол үшін түрлі бағытта ізденіп, білім алғысы, кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренгісі келеді. Алайда, әлеуметтік желілерде тез байып кетудің жолы деген секілді негізі әлсіз, шындықтан алашақ кейбір блогерге барып алданып жатады. Осындай бауырларымызға шын кәсіпкерлер ортасын құрып, нақты ісімен табысқа жеткен азаматтарды үлгі етіп көрсетсек, шынайы іскерлік тәжірибелерін ұсына алсақ, бұл өте игі іс болар еді.

– Әңгімеңізге рахмет! Бастамаларыңызға табыс тілейміз!

Естай БОЖАН,
сарапшы.





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІКҰМАРЛЫҚ –

биологиялық, психологиялық кесел

Шаһарымызда қалалық Қоғамдық кеңестің ұйытқы болуымен «Синтетикалық есірткіқұмарлыққа қарсы іс-қимыл: Алматы қаласының тәжірибесі, кедергісі мен келешегі» атты алқалы жиын өтті.

Айнабай МӘДИ

Өзекті әлеуметтік мәндегі мәселеге арналған басқосу жиынына қалалық салалық басқарма мамандары, құзырлы орган өкілдері, дәрігерлер, психологтар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғам мүшелері қатысты. Жиынды ашқан Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Алтынай Көбеева жиылған

қауымға «дөңгелек үстел» үрдісіндегі басқосудың мақсатына тоқталып, игілікті істе сәттілік тіледі. Шарада қаламыздағы синтетикалық нашақорлыққа қарсы күрестің өзекті мәселелері талқыланды. Басқосуда мемлекет тарапынан атқарылатын шаралар, мамандар алдынан шығатын кедергілер, есірткіге тәуелділіктің алдын алу мен оған көрсетілер көмекті жақсарту жолдары қарастырылды. Алқа-қотан басқосуға қатысушылар өзара тәжірибе алмасуға, аталған шараларды жергілікті деңгейде жүзеге асыруға қажет практикалық ұсыныстарды талдауға мүмкіндік тапты.

Алқалы жиынды Алтынай Орманқалиқызы мен Нұржан Бауыржанұлы жүргізіп отырды. ҚР Парламент Сенатының депутаты Жанна Асанова аталған жиынға онлайн түрде қатысып, әлеуметтік ауқымды басқосуға

қатысушылардың жанды диалогқа ұласуына деген игі тілегін білдіріп, көбіне-көп отбасылық фактормен тығыз байланысты осы бір әлеуметтік кеселдің алдын алуға қатысты лайықты бағдарын берді. Модератор Нұржан Жақыпов 14 жасқа дейінгі жас өрендерді ұлттық идеологиялық тұрғыда тәрбиелеудің тұжырымдамасына тоқталды.

«Есірткіге әуес әр алуан мекемелерден келген ересектер ғана емес, көмелетке толмаған жеткіншектер де кеңес беруімізді қалап, көмек сұрайтыны рас. Биылдың өзінде есірткіге тәуелді 12 жасар балаға көмек сұрап, кеңес алуға келді. Қазақта «ауруын жасырған өледі» деген бар, осындай жағдай орын алып отырған соң, мемлекет пен қоғам бұл өзекті мәселеге ерекше мән беріп, айрықша назар аударуы қажет. Мұның өзі бүгінгі күні есірткіге оңай қол жеткізуге

болатынының дәлелі емес пе. Көңілге қаяу түсіретін мұндай келенсіз көрініс қорқынышқа айналып, виртуальды түрде етек алып барады, – деген психолог-аддиктолог Ғалия Әлжапарқызы есірткіге тәуелділікке дейінгі тұлғаның қалыптасу факторларын айтып берді.

Кеңес өкіметі кезінде есірткіқұмарлық – тек әлеуметтік мәселе саналса, бүгінде бұл сырқат биологиялық, психологиялық және әлеуметтік кесел боп тұрғаны рас. Бұл «жұқпалы» сырқаттың биологиялық, психологиялық жағын маман-дәрігерлер айтып берді. Дегенмен, басқосу кезінде жиынға қатысушылар отбасылық факторға аса мән бергендей. Оның да жаны бар, жастайынан есірткіге бейім бала тәрбиені қайдан алатыны түсінікті емес пе. Үй, мектеп, айнала-орта дегендей...

«Дөңгелек үстел» үрдісіндегі мына жиын да шаһарымыздағы жастарға бағытталған нашақорлықтың алдын алу шарасын күшейтуді қолға алғаны рас. Тәжірибе алмасып, практикалық ұсыныстар әзірленді. Сондай-ақ, осы бір күрделі әлеуметтік мәселені шешуде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың күш-жігерін үйлестіру керек.

«Балам жаман болсын» дейтін әке-шеше болмас, дегенмен мұндайда ата-ананың өзі аса сақ, абай болуы қажет. Бүгінде «бала – ата-ана – мектеп» аталатын ұштаған арасының алшақтауы осы бір әлеуметтік сырқатты ұлғайтып жібергендей. Өз еркімен кеткен әр алуан отбасынан шыққан балалар қадағалаудан тысқары қалып барады. Ойланалық, ағайын. «Бала – бауыр етіміз» десек те, сол баланың бақылануы мен қадағалануы қажет екендігін естен шығармалық.

ТӘРБИЕ

БАЛАҚАЙ, БҰЗАҚЫЛЫҚҚА ЕЛІКТЕМЕ!

Жастар арасында әлімжеттік өршіп тұр


Әр ата-ана баласын жақсы болсын деп тәрбиелейді. Қазақ халқы ертеден үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді. Алайда, қазіргі уақытта жастардың кішіге ізет емес, әлімжеттік көрсетуі көбейіп кетті. Бұл – мектеп оқушылары арасындағы жиі кездесетін құбылыс. Баланың психологиясына ортасы немесе әлеуметтік желілер әсер етеді. Осы тақырыпты тарқату үшін мектеп психологымен сұхбаттастық.

Ернұр РЫСБАЙ

Ақтолқын ӘШІРАЛИЕВА,
№169 мектеп-лицейінің
психологы:

АТА-АНА БАЛАСЫМЕН ЖИІ СӨЙЛЕСУІ КЕРЕК

Кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп отыруы қажет. Тек мектептегі үлгерімі жайлы ғана емес, қатарластарымен қарым-қатынасы қандай екенін білуі тиіс. Мектептегі буллинг нәтижесі жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі таңда кибербуллинг құрбандары да көптеп кездеседі. Бұндай жағдайға тап болған оқушылар өз ортасынан алшақтай бастайды. Сондай-ақ, қорқынышпен өмір сүреді.



БАЛА МІНЕЗІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Буллингтің құрбандарының мінезінде өзгеріс болады. Мінезі тұйықталып, мектепке барғысы келмейді. Өз ойын ашық айтудан қорқатын болады. Бұндай оқушыларды қайта ортасына қосу үшін көптеген жұмыстар жасалады. Соның ішінде жеке және топтық жұмыс. Баланың ата-анасымен және сынып жетекшісімен тығыз жұмыстар жүргізіледі. Осы арқылы

бірте-бірте бала мінезі қалпына келе бастайды.

АГРЕССОР «МЕН МЫҚТЫМЫН» ДЕГЕН ПОЗИЦИЯНЫ ҰСТАНАДЫ

Бала бойындағы агрессия эмоционалдық тепе-теңдікке жету жолы. Сондай-ақ, агрессияға биологиялық факторлар (жүйке жүйесінің ерекшеліктері, тұқым қуалаушылық) әсер етеді. Оқушылар өз орталарында бір-бірлеріне әлімжеттік танытқанда балалар агрессияның жоғарғы шыңына шығады. Оларда «мен мықтымын» деген позиция тұрады. Мектеп жасындағы оқушыларда материалдық жағынан әлімжеттік жасау, яғни ақша талап ету жиі кездеседі. Осы жағдайда көп балалар ата-аналарына айтуға қорқады.

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫГУ ЖОЛЫ

Буллингке ұшыраған балаға жан-жақты қолдау көрсету керек. Бұл жұмыс бір жақты ғана емес, әр тараптан бірігіп жүргізілетін жұмыс. Ата-аналар балаларымен жиі сөйлесе дейміз. Ондай жағдай орын алған кезде бірден арнайы мамандарға бару қажет. Бала өзін қауіпсіздікте сезінуі үшін барлығымыз жауаптымыз. Кез келген мәселенің шешімі бар екенін айтқым келеді.



Соңғы уақытта еліміз бойынша жасөспірімдерге қатысты қылмыс көбейіп кетті. Осы орайда балаларға қатысты заң бұзушылықтардың алдын алу маңызды екенін ескеру қажет. Бала тәрбиесі ұлы іс. Бір баланы тәрбиелеу арқылы біз ұлтты тәрбиелейміз. Отан – отбасынан басталатынын естен шығармаған жөн.

ДҮБІРЛІ ДОДА

Дзюдодан Әлем чемпионаты

2027 жылы Қазақстанда өтеді

Мұндай шешім ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов пен Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визердің Будапеште IJF-тің штаб-пәтерінде өткен кездесуінде қабылданды. Сондай-ақ, кездесу барысында тараптар Қазақстанда IJF академиясының филиалын ашу жайында уағдаласты.

«Бұл кездесудің нәтижесінде елімізде дзюдоны дамыту бағытында бірқатар маңызды келісімдерге қол жеткіздік. 2027 жылы дзюдодан әлем чемпионатын Қазақстанда өткізу туралы келісімге келдік. Бұл еліміз үшін үлкен абырой, әрі қазақстандық спортшылар үшін үлкен мүмкіндік болмақ. Өйткені, чемпионат Лос-Анджелес олимпиадасының қарсаңында өтеді. Бұл бастама біздің спортшыларымыз бен жаттықтырушыларымыздың кәсіби деңгейін көтеруге үлкен септігін тигізетініне сенімдімін», – деді Ербол Мырзабосынов.

Бұл кездесуден кейін Халықаралық дзюдо федерациясы өзінің ресми сайтында Қазақстанда Әлем чемпионаты өтетіні туралы мақала жариялады.

– 2027 жылғы Әлем чемпионатын өткізуге арналған келісім-шартқа қол қою – Қазақстанның Халықаралық дзюдо қауымдастығындағы орнын нығайту жолындағы маңызды кезең болмақ. Бұл жарыс 2028 жылы Лос-Анджелестегі олимпиадаға барар жолда әлемнің түкпір-түкпірінен келген үздік дзюдошыларды біріктіріп, өңірдегі және бүкіл әлемдегі өсіп келе жатқан күш ретіндегі Қазақстанның орнын одан әрі нығайтады, – деп жазды IJF.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Қазақстан бір рет әлем чемпионатын өткізген. Астанада 2015 жылы өткен долада бір салмақта (60 кг) екі дзюдошымыз финалда күресіп (Елдос Сметов пен Рустам Ибраев), Елдос Сметов алтыннан алқа таққан. Жалпы есепте Ұлттық құрама 1 алтын, 1 күміспен 4-сатыға тұрақтаған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Халықаралық жарыстарды өткізудің пайдасы қандай?

Әлем елдері халықаралық жарыстарды өз жерінде өткізу үшін жиі таласқа түседі. Себебі, дүние жүзінің түкпір-түкпірінен жиналған спортшылардың тартысты жарысы көп жағдайда мемлекетке табыс пен абырой әкеледі.

Туризм мен табыс. Халықаралық жарыстармен қатар жүретін ұғым – бұл туризм. Өйткені, олимпиада, әлем чемпионаты сынды жарыстар өз елінің спортшыларына қолдау көрсетіп, жаңа мемлекетке саяхаттаудың керемет мүмкіндігі. Сондықтан мұндай додаларды өткізу арқылы әр мемлекет сыртқы туризмді дамытуға тырысады. Биыл 26 шілде мен 11 тамыз күндері Парижде өткен жазғы Олимпиада ойындарын өткізу үшін әдепкіде, Франция, АҚШ (екі қаласы), Германия, Венгрия сайысқа түсті. 2015–2017 жылдардың аралығында болған іріктеуден кейін Франция бұл құқықты жеңіп алды. Ашық дереккөздердегі ақпаратқа сүйенсек, әлемдік дода кезінде Батыс Еуропа мемле-

кетіне 11,2 миллион турист келген. Францияға жыл сайын баратын саяхатшылардың көптігін ескергеннің өзінде бұл көрсеткіш былтырғыдан 10%-ға артық. Егер жарыстың ауқымын кішірейтіп, өз елімізден мысал келтіретін болсақ, биыл 29 қыркүйек күні өткен Алматы халықаралық марафонын еске алуға болады. Бұл жарысқа алыс-жақын шет елден арнайы 2 мың адам келген. Демек, көп қаражат бөлуді талап ететін әлемдік додалардан бөлек марафон секілді бұқаралық спорт түрлерінен өткен жарыстар да туризмнің дамуына оң әсер етеді. Ал шетелдік туристердің саны көбейген сайын мемлекеттің қазынасына түсетін табыс та артады.

Имидж. Халықаралық жарыстарды өткізудің тағы бір пайдасы – мемлекеттік имидждің көтерілуі. Жалпы, талай мемлекеттің тарланын жинап, оларға қажетті жатын орын, жарыс алаңын ұсыну – кез келген мемлекеттің қолынан келе беретін, кез келген мемлекеттің қалтасы көтере

беретін шара емес. Қай спорт түрінен болмасын дүниежүзілік доданы ұйымдастырудың өзі – оны қабылдайтын мемлекеттің абыройын арттыратыны сөзсіз. Мұндайды жақсы түсінген араб мемлекеттері соңғы жылдары әртүрлі жарыстарды өткізуді жиілеткен.

Оның жарқын мысалы – 2022 жылы Катарда өткен әлем чемпионаты. Теледидар арқылы футбол ойындарын тамашалаған миллиондаған көрермен тек қана ойынға сүйсініп қоймай, Катар мемлекетін танып білді. Сондай-ақ, имидж үшін сәтті болған жарыстардың бірі – биыл Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. 5,7 млрд теңге бөлінген бұл жарыстан 300 млн теңге пайда түсіп, мемлекетіміз доданы қаржылай жағынан ақтай алмаса да, әлем алдында өз имиджін көтергені анық. Олай дейтіміз, жарыс кезінде таратылған телехабар 230 000 000 әлеуетті аудиториясы бар 40 елді қамтыды, шет елден 597 мың турист келді.

Бұқаралық спорт. Халықаралық сайыстарды ел аумағында ұйымдастырудың келесі бір оң тұсы – әсергілікті халық арасында спорттың кең таралып, дами түсуі. Әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, халықаралық жарыстарды қабылдаған мемлекеттерде өткізілген спорт түрінің танымалдылығы арта түседі.

Мұндай мысалдар Қазақстанда да бар. 2022 жылы 25–30 желтоқсан аралығында Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында ранид және блиц шахматтан әлем чемпионаты өтті. Магнус Карлсен, Хикара Накамура сынды әлемнің үздік гросмейстерлері қатысқан жарысты көруге барған қазақстандық балалардың қарасы көп болды. Ал 2023 жылы 7 сәуір мен 1 мамыр аралығында елордамызда классикалық шахматтан әлем чемпионаты болды.

Биыл жаңа оқу жылынан бастап Қазақстанда 350 мектепте шахмат үйретіле бастады. Сондай-ақ, қыркүйек айының соңында шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасы Будапеште өткен Олимпиаданың күміс жүлдегері атанды. Еліміздің ең ірі қалаларында өткен халықаралық жарыстардың тікелей болмаса да, бұл көрсеткіштер мен жетістіктерге әсері болғаны сөзсіз.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҚАЗАҚ СПОРТЫНДАҒЫ ЕГІЗДЕР

Қазақта «Бірге тұмақ болса да, бірге жүрмек жоқ» деген сөз бар. Дегенмен, елімізде бұл сөзді жоққа шығарып жүрген егіз спортшылар аз емес. Олар бір спорт түрімен шұғылданып, байрақты бәсекеде ел қоржынына жүлде салып жүр.



Айбек және Нұрбек Оралбайлар

Спорт үйірмесіне бокспен емес, күреспен шұғылданамыз деп келген егіздер бүгінде тек елімізде ғана емес, әлемде де өз салмағының үздік боксшылары. 80 кг салмақта жұдырықтасатын Нұрбек Оралбай жуырда Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Сонымен қатар, ол – жастар мен ересектер арасындағы әлем чемпионы, Азия біріншілігінің қола жүлдегері. Биыл +92 кг салмаққа ауысқан егіздің сыңары Айбек – 2018 жылғы жасөспірімдер санатындағы Олимпия ойындарының жеңімпазы, Азия чемпионы және жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері.



Жәмила және Мәдина Бақбергеновалар

Жәмила мен Мәдина Бақбергеновалар еліміздің күрес түрлері тарихында қазақ қыздары арасында ең көп жүлдеге қол жеткізген спортшылар. Жәмианың еншісінде әлем чемпионатының үш жүлдесі, Азия біріншілігінің бес медалі бар. Бұдан бөлек, ол Азия ойындары, Ислам ынтымақтастық ойындары, жасөспірімдер мен 23 жасқа дейінгі әлем чемпионатында жүлде алған. Мәдинаның да бөкілемдегі жетістігі аз емес. Ол Азия біріншілігінде үш рет тұғыр сатысына көтеріліп, 23 жасқа дейінгі әлем және Азия чемпионатында жүлдегер атанды.

Ғұсман және Ғұмар Қырғызбаевтар

Биыл қазақстандық дзюдошылар халықаралық аренада үздік нәтиже көрсетті. Олимпиадада олжа салып, шет елдегі жарыстарда да жеңімпаз атанды. Солардың қатарында Париж Олимпиадасының – қола, әлем және Азия біріншіліктерінің жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев та бар. Ғұсманның сыңары Ғұмар да дзюдошы. Ол әлемдік Гран-при кезеңінде және әскери қызметшілер арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдесін алған. Сонымен қатар, ішкі чемпионатта да үздіктер қатарынан көрініп жүрді.

Алина және Кристина Шумеквалар

Жастығына қарамай, апалы-сіңлілі Шумеквалар халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетіп жүр. Конькимен жүгіру спортынан ҚР спорт шебері Кристина биыл Оңтүстік Кореяда ұйымдастырылған жасөспірімдер арасындағы Олимпиадада ту ұстаушы болды. Сондай-ақ, ол өз жас санатындағы ел және Әлем кубогының күміс жүлдегері. Алина мен Кристина командалық сайыстарда да ел қоржынына бірнеше жүлде салды.

Фатима және Зухра Ирнараровалар

Нысана көздеуден Қазақстан әйелдер құрамасының спортшылары Фатима мен Зухра халықаралық жарыстарда үздік нәтижелерімен көзге түсіп жүр. Олар юниорлар арасындағы әлем чемпионатында бір алтын (Фатима) және бір қола (Зухра) медаль, Азия ойындарында командалық сайыста күміс жүлде жеңіп алса, жекелей сында Зухра алтыннан алқа тақты. Фатима 2019 жылғы Азия чемпионатында үздік шыққан.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.





КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК



ЖАҢА ӨМІРГЕ ҚАДАМ

Мегполисте сал ауруымен ауыратын балаларға операция жасалды

Мегполистері №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының травматолог мамандары церебралды сал ауруы салдарынан аяқ-қолында ақау пайда болған балаларға қалпына келтіруге бағытталған көп деңгейлі операциялар жасады.

Аса күрделі оталар аурухана базасында алғаш рет биылғы тамыз айында ресейлік медицина орталықтарының мамандарымен бірлесіп жасалған болатын. Қазақстандық хирургтер шетелдік әріптестерімен бірге білімін шыңдап, кішкентай пациенттерді емдеу мен оңалту деңгейін жыл санап арттырып келеді.

№2 аурухана наукастарының ең кішісі 1,5 жаста. Өте күрделі әрі сирек кездесетін дертпен ауыратын қыз балаға «Оң жақ аяғының туа бітті ақауы. Оң жақ тізе сүйектерінің гипоплазиясы» деген диагноз қойылған. Іште жатқанда пайда болған кемістік салдарынан сәбидің табаны зақымданған. Аяқтағы екі сүйектің орнына бір ғана сүйек біткен. Оны емдеу үшін ота жасап, протез орнату қажет болғандықтан хирургиялық отасыз мәселені шешу мүмкін емес-ті. Күрделі манипуляцияны хирургтер Ерлан Садырбаалин мен Ұлжан Солтанбекова ресейлік әріптесі Андрей Кольцовпен бірлесіп жасады. Білгір хирургтердің арқасында ауыр дертке жасалған ауқымды ота сәтті аяқталды. Айта кету керек, операция МӘМС қаражаты есебінен жасалды.

Бұл ота тумысынан ауыр диагноз арқалаған бүлдіршін мен оның отбасына қалыпты өмірге жолдама сыйлады деуге болады. Біршама уақыттан кейін орнатылған алғашқы протез қыз баланың аяғын апыл-тапыл басып, жаңа өмірге қадам басуына мүмкіндік берді.

– *Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларды кешенді әдіс-тәсілдермен емдеу қажет. Соның ішінде мультидисциплинарлық әдістің нәтижесі зор. Атап айтқанда, ортопед, невролог, реабилитолог мамандар бірлесіп қимылдаса көп нәтиже береді. Отадан кейінгі медициналық оңалту шаралары да баланың айығып кетуінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан дәрігерлер мен науқас баланың ата-анасы қоян-қолтық жұмыс істеуі қажет*, – дейді аурухананың Травматология бөлімшесі меңгерушісі Ерлан Садырбаалин.

МӘМС

ЖАНДЫ ЖЕГЕН КЕСЕЛ

Ішек дивертикулды дертіне шалдыққан науқастың денсаулығы жақсарды

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері 39 жастағы ер-азаматқа ота жасап, оған жаңа өмір сыйлады. Жылдар бойы іш құрылысы ауырып, ас қорыту жүйесіндегі ақаулардан зардап шегіп келген науқас МӘМС пакеті шеңберінде жасалған отаның арқасында дертінен арылды.

Аурухананың Колопроктология бөлімшесі дәрігерлеріне жүгінген пациент біресе үлкен дәреті катып, біресе іші өтіп қиналатынын айтып, шағымданған. Мамандар тыңғылықты клиника-диагностикалық шаралардан кейін оған «тоқ ішек дивертикулы» деген диагноз қойды.

Туабітті немесе жүре пайда болатын ауруда тоқ ішекте қалташалар пайда болып, салдарынан қабыну немесе дәреттің бұзылуы,

ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

БІРІНШІ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСС

Алматыда әлемнің ішкі медицина мамандары бас қосты



Қазақстан, Қырғызстан, РФ, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Германия, Түркия, Швеция мен Украина ішкі медицинасының әр бағыттағы жетекші мамандарының басын бір алаңда біріктірген ауқымды іс-шара біздің елімізде алғаш рет өтіп отыр.

Ұйымдастырушылары – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, Қазақ ішкі медицина мамандарының қауымдастығы және Қазақ ішек ауруларын зерттеу жөніндегі ғылыми қоғамы.

Конгреске еліміздің барлық өңірінен келген терапевтер, жалпы практика дәрігерлері, эндокринолог, кардиолог, кардиохирург, реаниматолог, интервенционист, нефролог,

аллерголог, ревматолог, пульмонолог, гематолог, гастроэнтеролог, эндоскопист мамандар, орфандық ауруларды бақылауға тартылған дәрігерлер қатысты.

Конгрестің міндеті – ішкі медицинаның негізгі бағыттары бойынша заманауи теориялық және практикалық тәжірибені біріктіру. Қатысушылар диагностика мен емдеудің әлемдік трендтерін, ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Конгресте дәрігерлер мен ғалымдар заманауи клиникалық практиканың өзекті мәселелерін, ауруларды диагностикалау мен емдеудегі жаңа ғылыми тәсілдерді тарқатты. Іс-шара терапия, ревматология, кардиология, эндокринология, гастроэнтерология, нефрология, аллергиялогия және басқа да салалардағы бірлескен жұмыс пен үздік тәжірибелерді шоғырландыру үшін бірегей алаңға айнала білді деп отыр сарапшылар.

– Біздің институт терапиялық бейіндегі пациенттерге мамандандырылған көмекті дамытып, енгізу үстінде. Көптеген инфекциялық емес созылмалы ауруларды емдеуде ерте диагностикалау мен терапияның түрлі жаңа технологияларын үздіксіз енгізудеміз. Институтта орфандық және эндокриндік патология, диабеттік табан бойынша мамандандырылған орталықтар, сондай-ақ ішектің қабыну аурулары бар науқастарға арналған орталық және нутритивтік қолдау кабинеті жұмыс істей бастады. Бұл тәсіл терапияның тиімділігін арттырады және ішкі ағзалардың түрлі ауруларын емдеу нәтижелерін жақсартады, – дейді Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Екі күнге созылған іс-шарада халықаралық тәжірибесі бар сарапшылардың баяндамалары тыңдалды, панельдік пікірталастар, клиникалық жағдайларды талдаған практикалық сессиялар ұйымдастырылды, сондай-ақ «Жас ғалымдар» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ЖЕМІСТЕР ДӘРУМЕНГЕ БАЙ

АЛМА жүректі жақсы жұмыс істетіп, адамның семіріп калория қосуына мүлде жол бермейді. Тәулігіне 300–400 грамм алма жесеңіз, қан қысымын қалыпқа келтіреді.

АНАР калий мен с дәруменіне бай. Сондықтан оның шырыны жүрек жұмысын жақсартады. Көк тамырлардың қызметіне шипасы мол. Қалқанша безінің қызметі мен қан құрамын жақсартады. Анар шырыны асқазан, бүйрек, бауыр, өт, диабет, анемия ауруларына ем болады.

КИВИ де жүрекке пайдалы жемістердің қатарына жатады. Үнемі тұтынатын болсаңыз, жүрек пен көз ауруына шалдықпайсыз. Киви ұйыған қанды ерітетін қасиетке ие.

БАНАН – дәмді әрі жеңіл жеміс. Ағзада тез қорытылады. Жемістің 100 грамында 376 миллиграмм калий бар, бұл шамадан артық сұйықтықты ағзадан шығару үшін жеткілікті. Банан жараны жазады, өйткені оның құрамында осы ауруды тудыратын бактерияларға қарсы тұратын заттар бар. Тропикалық елдерде бананның езбесі нәрестенің тамағы болып есептеледі. Себебі, банан аллергия тудырмайды және баланың ағзасын пайдалы заттармен қамтамасыз етеді.

ЖҮЗІМ құрамында С, В, Д, Е дәрумендері және калий, магний, кальций, цинк секілді микроэлементтер бар. Жүзім қандағы азот оксидінің деңгейін көтеріп, қанның коюлануына жол бермейді. Имунитетті көтеріп, сергектік, күш-қуат сыйлайды. Мидың жұмысы мен көру қабілетін жақсартуға көмектеседі.

ҚАРА ҚАРАҚАТ жүрек соғысын жақсартуға сеп болады. АЛМҰРТ адамды көңілдендіріп, адамның шөлін тез басады. Ал ӨРІК дәнегі денсаулыққа пайдалырақ деседі. Оның құрамындағы калий жүрек бұлшықеттерінің қызметін жақсартады.

Аурухана дәрігерлері дивертикулдардың көптігі мен науқастың жағдайын ескере отырып жаппай колэктомия, яғни тоқ ішекті толығымен алып тастау туралы шешім қабылдады.

– Ота барысында тоқ ішектің орнына аш ішектен J-тәріздес резервуар жасалды. Ол астың дұрыс қорытылып, іш өтуді тоқтатады. Резервуар пациенттің үлкен дәретті бақылауда ұстауына көмектеседі және ас қорыту жүйесі жұмысын қалпына келтіреді, – дейді №7 аурухананың Колопроктология бөлімшесі меңгерушісі Марат Қаленбаев.

Қазір одан бері он күн өтіпті. Науқас денсаулығының едәуір жақсарып қалғанын айтады. Дәреті тұрақтанып, ағзаның ас қорыту қызметі толығымен қалпына келген.

– Ішек дивертикулы – кешенді әдістер мен кәсіби біліктілікті қажет ететін ауру. Ота пациентті жанын жеген аурудан құтқарып қана қоймай, оның қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік берді. Біз МӘМС арқасында осындай операциялар жасап жүрміз, яғни көп адамдар қалтасынан қаражат шығармай-ақ емделіп жатыр, біз осыны мақтан тұтамыз, – дейді хирург-проктолог.

БРИФИНГ

Биыл Алматыда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен көрсетілген қызметтерге 97 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының директоры Ілияс Мұхамеджан мәлімдеді.

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙМЫН

Қалада МӘМС есебінен 14 млрд теңгенің операциясы жасалды



Спикердің айтуынша, жыл сайын медициналық сақтандыру есебінен кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, онкология, хирургия және тағы да басқа профильдер бойынша мыңдаған операция жасалып жатыр. Мұндай операциялар күрделілігіне байланысты емханалар мен ғылыми орталықтар деңгейінде де жасалуы мүмкін.

«Мысалы, биыл МӘМС арқылы 128 мыңнан астам операция жасалып, оған 79,1 млрд теңге төленген. Оның ішінде жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын операциялар мен манипуляцияларға қор 14,7 млрд теңге төледі. Сақтандырылмаған азаматтар осындай операциялары жасататын болса қалтасынан бірнеше миллион төлеген болар еді», – деп атап өтті Ілияс Мұхамеджан.

Биылғы 9 айда Алматы қаласында 5200 кардиохирургиялық операция, 3300 нейрохирургиялық ота, лор-профили бойынша 250 операция жасалған.

«Кейінгі кезде артроз, артрит сынды буын ауруларының көбеюіне байланысты тізе, жамбас буындарын алмастырушылар саны күрт артқаны белгілі. 2024 жылы алматылық травматологтар осындай 3500 операция жасаған. Оған МСҚ 5,2 млрд теңге төледі», – деді филиал директоры.

Бетт әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

КӨШІ-ҚОН

БРИФИНГ

Алматыда 24 мыңнан астам вейп жойылды

Кеше Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында вейп айналымына қарсы күрес шараларына арналған брифинг өтті. Оған Алматы қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Айтан Жанаманұлы Елеусізов қатысты.

Брифинг барысында шегілмейтін темекі өнімдерінің және электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің) заңсыз айналымының жолын кесу үшін мемлекет қабылдаған негізгі қадамдар айтылды. Спикер жаңа шаралар қабылдау халықтың, әсіресе, жастардың денсаулығын темекі өнімдері мен электрондық темекіні тұтынудың жағымсыз салдарларынан қорғауда маңызды қадам болып табылатынын атап өтті. Ол полиция қызметкерлері вейптің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды анықтауда және тергеуде шешуші рөл атқаратынын және бұл үшін оларға арнайы білім мен дағдылар қажет екенін атап өтті.

«2024 жылдың 20 маусымынан бастап Алматыда вейптердің заңсыз айналымы фактілері бойынша 23 қылмыстық іс қозғалды, оның 4-еуі сотта қаралып, шешімдер күшіне енді. Осы істер аясында вейпингке арналған 24 300-ден астам құрылғы

тәркіленіп, жойылды», – деді Айтан Елеусізов.

Спикер вейп айналымына байланысты бұзушылықтардың құқықтық салдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Осы бұйымдарды сатқаны, таратқаны, әкелгені және өндіргені үшін елеулі айыппұлдар мен қылмыстық жауаптылық көзделген.

«Вейптерді сату және тарату 738 мың теңгеге дейін айыппұлмен немесе түзету жұмыстарымен жазаланады. Оларды өндіру мен әкелу 7,4 млн теңгеге дейін айыппұл салуға, түзеу жұмыстарына немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғуы мүмкін. Топтасып жасаған іс-әрекеттер немесе аса ірі табыс табу сияқты аса ауыр қылмыстарға 18,4 млн теңгеге дейін айыппұл салынады немесе мүлкі тәркіленіп, бес

жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін», – деді ол.

Сондай-ақ, вейптердің қоғамдық қауіптілігі және олардың денсаулыққа әсері тақырыбы көтерілді. Темекі шегудің зиянсыз баламасы деген пікір кең тараған. Дейтұрғанмен, спикер вейптердің өкпе мен жүректің ауыр ауруларын тудыруы мүмкін екенін және никотинге тәуелділікке ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, бір құрылғыны бірнеше мәрте қолдану гепатит және туберкулез сияқты инфекциялардың таралуына әкелуі мүмкін.

Брифинг соңында Елеусізов вейптердің заңсыз айналымына қарсы күрес полицияның қатаң бақылауында екенін және бұл жұмыс Алматы тұрғындарының денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін жүйелі түрде жалғасатынын мәлімдеді.

ЗАҢ БҰЗҒАН ШЕТЕЛДІКТЕР ҰСТАЛДЫ

Алматы қаласында Африка елдерінен келген алты және көршілес мемлекеттерден келген бір азамат анықталған.

Шет мемлекеттен келген азаматтардың құжаттары болмаған, сондай-ақ олар жеке құрылыс алаңында, мейрамханада және көлік жуу орнында заңсыз жұмыс істеген.

«Шетелдіктердің жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған. Олар Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, елден шығарылады», – деді Алматы қалалық ПД

Көші-қон қызметі басқармасының бастығы Асхат Бутунчинов.

Сонымен қатар, көші-қон қызметі басқармасының бастығы осы күндері Алматыда жедел жағдайды жақсартуға, қоғамдық тәртіпті, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңсыз көші-қонның және басқа да заңсыз әрекеттердің жолын кесуге бағытталған «Участок» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізіліп жатқанын еске салды.

ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

ҚАРАУЫЛ ҚАЛҒЫМАЙДЫ

Ұлттық ұлан жауынгерлері мегаполис тыныштығын күзетеді

Еліміздегі Ұлттық ұлан әскери бөлімдері мен әскери қызметшілері бірнеше мемлекеттік маңызы бар міндеттерді атқарады. Солардың қатарында Алматы қаласындағы 3650 әскери бөлім де бар. Бұл бөлім де еліміз үшін аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық нысандарды күзетеді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осы әскери бөлімде қызмет атқарып жүрген, әскери мамандықты бала кезінен армандап, ата жолын ұстанып, Отанын қорғауды мақсат тұтқан қарауыл бастығының көмекшісі, кіші сержант Ерлан Баштыбаевпен кездесіп, әңгімелескен болатынбыз.

Ерлан Берікбайұлы іргемізіндегі Жетісу облысына қарасты Н.Есеболат ауылында дүниеге келген. Оның спортқа қызығушылығы да жүрегіне сонау бала күнінде қонақтаған. 2005 жылы Талдықорғандағы экономикалық-техникалық колледжіне оқуға түседі. Ол жастайынан Ішкі істер органында қызмет атқарған атасының қасында жүріп кеудесіне Отанға, елге, жерге деген махаббатты орнықтыра білді. Оқуды жақсы аяқтап, сол аймақта орналасқан Ұшарал қаласындағы 40398 әскери бөлімге әскери борышын өтеуге келеді. Жауынгерлік қызметпен қатар спортты да бірге алып жүрген Ерлан самбодан өткен жарыстарда көптеген жетістікке жетіп, көзге түседі.

Әскери борышын абыроймен өтеп келген соң, мамандығы бойынша көптеген



жерде қызмет атқарады. Бірақ бала кездегі арманы жүрегіне тыныштық бере қоймайды. Сөйтіп, ата тәрбиесін көріп өскен ұл 2011 жылы 3650 әскери бөліміне келісім-шарт қызметкері болып сарбаз атқымш лауазымына тағайындалады. Қазіргі күні әскери бөлімде болып жатқан жауынгерлік, спорттық самбо күресінен болатын жарыстарға қатысып, жоғарғы көрсеткіштер көрсетіп келеді. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы және әскери бөлім басшылығы тарапынан көптеген грамота, Алғыс хат-

тармен марапатталған. Жауынгерлік қызметтегі қырағылығы үшін «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» төсбелгісімен де наградталған.

Ал былтыр аға маман-қарауыл бастығының көмекшісі лауазымына тағайындалды. Асыл жар, үш қыздың әкесі.

– Қарауылдық қызмет – кез келген адамның қолынан келе бермес шаруа. Себебі, 12 сағат бойы кірпік қақпай тікесінен тік тұрып, өзінің жауапкершілігіне берілген аумағы мен бекетін қорғау және қадағалау – үлкен міндет. Сондықтан күн сайын қолына қару ұстап, жауынгерлік тапсырманы орындау үшін тек шыдамды, моральдық-психологиялық ахуалы мығым, қырағы, батыл, сергек те зерек деп танылған үздік келісім-шарт қызметкерлері тағайындалады. Мемлекеттік маңызды нысанды қорғайтын және күзететін келісім-шарт қызметкері түрлі психологиялық тест тапсырып, физикалық шарттарға сәйкес келуі керек. Сондықтан олар жауынгерлік қызметке келгеннен бастап өздерінің арнайы міндеттерін және қаруды қалай қолдану керектігін, жауынгерлік дайындықтарын арттырып отырады.

Қаруды қалай қолдану керектігін жатқа білу және оны шынайы жағдайда қолдану әркімнің қолынан келе бермейтін іс десек те болады. Өз қаруын автоматты түрде қолдана білу үшін айына екі рет күндіз және түнгі уақытта атыс жаттығулары өткізіледі. Атыс барысында офицерлер, келісім-шарт қызметкерлері, сарбаздар өздерінің командирлерімен бірге қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, қарауылдық қызметке тікелей қатысы бар әртүрлі жаттығуларды орындайды. Біздің 3650 әскери бөлімінің сарбаздары, сержанттары және офицерлері мегаполистің тыныштығын хам қауіпсіздігі үшін қай кезде де сапта тұрады, – дейді кіші сержант Ерлан Баштыбаев.

ҚЫЛМЫС



Есірткі жарнамалап ұсталды

Алматыда полиция есірткі жарнамалаған 33 жастағы жергілікті тұрғынды ұстады. Бөгенбай батыр мен Чокін көшелерінің қиылысында ер адам ғимараттың қасбеттеріне есірткі жарнамасын салған.

«Кешке қарай есірткі жазуы бар трафаретпен және басқа да құрал-жабдықтарын алып, үйлердің ауласына қарай бет алды. Оның қасында серігі болды. Осылайша жастар өздеріне назар аудармаймыз деп ойлады. Алайда, олар ұсталды. Қыздың рөлі тергеу барысында анықталатын болады. Күдікті қамауға алынды. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың аналогтарын насихаттау немесе заңсыз жарнамалау дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды», – деді Алматы аудандық Полиция басқармасы бастығының орынбасары Мақсат Пшан.

Күдікті бұрын есірткі қылмысы үшін сотты болған. Қазіргі уақытта оның жұмыс берушілері анықталуда, жедел шаралар қолданылып жатыр.



БРИФИНГ

«ҮЙ ЖАНЫНДАҒЫ ДҮКЕН»

Алматы «Қазпоштасы» тиімді жобаны іске қосты

Еліміз бойынша сәлемдемелердің ең ауқымды көлемі Алматы қаласында. Бұл туралы «Қазпошта» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Рүстем Нұркен Қоғамдық коммуникация қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді. Спикердің айтуынша, Алматы – қаржылық орталық болып саналады, өйткені мұнда бизнес те жақсы дамыған.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалпы, биыл сегіз айдың өзінде 1,1 миллионға жуық хат-хабар, 1 миллионнан астам сәлемдеме жолданған.

«Біз бизнес саласымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізіп жатырмыз, соның ішінде бизнеске өзіміздің франчайзингтік бөлімшелерімізді ашуға мүмкіндік береміз. Қазіргі күні 20-дан астам франчайзинг бөлімшесіміз бар. Олар сегіз айдың төңірегінде үлкен табыстарға жетуде. Жыл соңына дейін 40-тың төңірегіне жеткізуге ұмтылудамыз», – деді «Қазпошта» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Рүстем Нұркен.

Алматы қалалық поштасы бірқатар жаңа жобаны іске асыруда. Солардың бірі – кейінгі екі аптаның төңірегінде іске қосылған «Үй жанындағы дүкен» жобасы. Спикердің айтуынша, бұл әрбір дүкенде «Қазпоштаның» сәлемдемелерін беруге мүмкіндік береді.

Жергілікті пошта филиалының директоры пошта қызметінде автоматтандырылған роботтарды пайдалану жоспарланып отырғанын да атап өтті.

«Қазіргі заманауи технологиялардан «Қазпошта» да қалыс қалып жатқан жоқ. Мәселен, қала сыртында ақпараттық-логистикалық орталық жұмыс істейді. Ол Қазақстан бойынша сәлемдемелерді сұрыптайды. Сол орында сағатына 10 мың



● КЕРЕК ДЕРЕК

Биыл сегіз айдың өзінде 1,1 миллионға жуық хат-хабар, 1 миллионнан астам сәлемдеме жолданған.

сәлемдемені сұрыптайтын автоматтандырылған машинаны құруды бастадық, жақында іске қосылады. Басқарма төрағасының бастамасымен жапон компаниясы Toshi-do-мен меморандум жасалды, фулфилмент қызметтерімізді тездету үшін автоматтандырылған роботтарды жеткізу туралы келісім бар. Сол келісім аясында фулфилмент қызметтерді дамытатын боламыз», – деді филиал директоры.

Сондай-ақ, брифинг барысында пошта директорының орынбасары Забурина Надежда журналистердің «осал санаттағы адамдарға жеңілдік тарифтері бар ма?» деген сұрағына жауап берді.

«Иә, әрине, бізде зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін белгілі бір жеңілдіктер бар, оған қоса олар кезектен тыс қызмет ала алады. Одан бөлек, корпоративтік клиенттер үшін де жеңілдіктер қарастырылған», – деді Забурина Надежда.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



● ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕҢ БАСТЫСЫ – УАҚЫТЫҢЫЗДЫ ҮНЕМДЕЙСІЗ

Бүгінгі таңда «Көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызар» деп, алдағы күннен үміт күткен Ыбырай көкеміздің арманы орындалып жатыр. Соның бір көрінісі – пошта қызметінде орын алып жатқан жаңашылдық пен жаңалықтар. Соңғы жылдары Алматының пошта қызметінде EMS Kazpost қызметі кеңінен қолданылып, тұтынушыларға қызмет көрсетіп жатыр.

Рая ЕСКЕНДІР

EMS – бұл «Қазпошта» АҚ бір бөлігі. Аталмыш қызмет түрі бүкіл әлем бойынша клиенттерді, кәсіпорындар мен қауымдастықтарды қолдайтын Қазақстанның пошта қызметтерін уәкілетті әмбебап жеткізушісі болып табылады. Мәселен, «Қазпошта» АҚ 1883 жылы құрылса, 1999 жылы EMS кооперативіне қосылды. Бүгінде EMS Kazpost бүкіл Қазақстан бойынша 18 050 488 тұтынушылар мен кәсіпорындарды қамтып, аптасына алты күн EMS Kazpost жеткізеді. EMS Kazpostтің басты артықшылығы – клиенттер бүкіл ел бойынша пошта бөлімшелеріне оңай қол жеткізе алады.

EMS – пошта мен пакеттерді жылдам жеткізуді ұсына отырып, әлемнің көптеген елдеріндегі ұлттық пошта қызметтерімен бірге жұмыс істейтін жаһандық пошта қызметі. EMS қазіргі уақытта 190-нан астам елде жұмыс істейді. Сонымен қатар, тұтынушылар мен бизнес үшін сенімді тасымалдау шешімін ұсынады.

Осынау жылдар ішінде абыроймен еңбек етіп, қала тұрғындарының алғысына бөленген Бауыржан Дошжұманов – «Қазпошта» акционерлік қоғамы филиалының EMS Kazpost бөлімшесінің жүргізуші курьері болып еңбек етеді.

– Менің дәл осы EMS Kazpost бөлімшесінде жүргізуші-курьер болып қызмет етіп жатқанымға 5 жыл болды. Менің



ең басты міндетім – тапсырысты тұтынушыларға дер кезінде жеткізіп отыру. Қызметтің бұл түрін халық кеңінен қолданғандықтан, тапсырыс өте көп. Қазір ақпарат ағыны, әлеуметтік желінің дамыған заманы ғой. Сондықтан адамдар үйлерінде отырып-ақ галамтор арқылы шет елдерге тапсырыс бере алады. Ал менің жұмысым сол, тауарды дер кезінде жеткізіп, қолына тапсыру. Тапсырыспен тауарлар тым алыстан келеді. Мәселен, Англиядан тапсырыс

келіп жатса, АҚШ-қа кетіп жатады. Тұтынушылардың біздің қызметті көп пайдаланатынын себебі – тауарлар, тапсырыстар жоғалып кетпейді. Егер мекенжайы дұрыс көрсетілмеген жағдай кездессе, ондай кезде де анықтап, қолына жеткіземіз. Сосын хаттар да көп келеді. Тіпті, қаланың ішінде де хаттарды жеткізе береміз. Жалпы, «Қазпоштаның» бағасы тиімді, сондықтан да тұтынушыларға ұнайды. Әрі тірек түймесін басып, бақылап отыруға болады. Егер сіз қызметтің бұл түрін пайдаланғыңыз келсе, 1498-ге қоңырау соғыңыз, – дейді Бауыржан Сербайұлы.

Қазіргі таңда бізге ең қымбаты – уақыт екені белгілі. Өз уақытыңызды үнемдеймін десеңіз, курьер-жүргізуші қызметін пайдаланыңыз.

– EMS Kazpost жедел жеткізуді ұсынуы мақсат ететін қызмет түрі. Біз сәлемдемелерді 24-тен 72 сағатқа дейінгі аралықта жетуін қамтамасыз етеміз. Дегенмен, жеткізу уақыты әр жөнелтілудің нақты жағдайларына байланысты өзгертін де жағдай болады. Бұл жағын да ескеру керек. Мәселен, АҚШ-тан Канадаға EMS Kazpost арқылы жөнелтілім әдетте 3–5 жұмыс күні ішінде жеткізілсе, Австралия сияқты алысырақ бағытқа жөнелтілім шамамен 5–7 күнде жетуі мүмкін, – дейді Бауыржан Дошжұманов.

Дәл қазір «Қазпошта» 300-ден астам қызмет түрін ұсынып отыр. Сол қызметтің бірі саналатын EMS Kazpost жеткізу процесін жеңілдету үшін ішкі және халықаралық пошта желілерін біріктіре отырып, әртүрлі аймақтарда қызмет көрсетудің жоғары стандартын қамтамасыз етеді. Ол құжаттар мен тауарларды жеткізумен шектелмей, бірқатар қызметтерді ұсынады. Әрине, бұл үнемді. EMS Kazpost ерекшеліктерінің бірі – оның жөнелтілімді қадағалау жүйесі. Бұл сізге бастапқы жерден межесі жерге жеткенге дейін бақылау мүмкіндігін ұсынады. «Бақылау» түймесін басыңыз, сонда сіз жөнелтілудің күйі мен орны туралы толық ақпаратты таба аласыз.



● БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100

«КЕЙІПКЕРІН ЖАҚСЫ КӨРМЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

Қаламгер «Менің атым Қожа»
арқылы біздің балалық шағымызға
ескерткіш орнатып кетті

куз, поляк, чех, болгар, молдаван, латыш, украин тілдеріне тәржімаланып, бас-аяғы жиырмашақты тілде тараған. Содан кейін ғана өз тілімізде жарық көрген. Неге? Ол тұста әдебиет тәрбие құралы болған. Ал өзіміздің жазушылар бұл туындыдағы бас кейіпкер – Қарақөженің, яғни Қожаның қисық, қыңыр мінез-құлқы балалардың ой-санасына кері әсерін тигізеді деп қорыққан. Яғни балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек деп даурықты. Ал шынайы өмірді ғана жазатын Соқпақбаев бұл шығармасында көркем бейненің тек ұнамды сипаттардан тұрмайтынын ашық көрсете білген. Қаншама сотқарлық

жасаса да, көрермен Қожаны бәрібір ұнамды образ деп таниды. Себебі, ол болмыс-бітімі шынайы бала. Сұлтанның соңынан қаншама ермейін десе де, аңдамай еріп кетіп, оқыс қимылдар жасап қойғанын өзі де білмей қалып жатады. Және де онысы үшін ұяла да біледі. Өзінің басынан кешкенді, байқап, көкейге түйгендерін, айналасындағы шынайы оқиғаларды боямасыз суреттеуге ұмтылған қаламгер туындысының мың сан жүректен орын алғаны да сондықтан болар.

Иә, әр үйде, әр мектепте бір-бір Қожа бар еді. Ал Қожа көп болға-

нымен, оны ешкім Бердібек Соқпақбаевтай суреттей алмаған шығар-ау! Айтақшы, «Менің атым Қожа» повесінің алғашқы аудармашысы – қаламгердің қызы Самал Соқпақбаева. Самал Бердібекқызы сондай-ақ, Ш.Айтматов, М.Шаханов, С.Бақбергенов, М.Сқақбаев, С.Адамбеков, С.Омаров, Б.Нұржекеұлы, М.Гумеров, Қ.Сегізбаев сынды қаламгерлердің де шығармаларын орыс тіліне аударған.

Қазақ прозасына жаңа леп, өзгеше өрнек әкелген жазушы повесінің желісімен режиссер Абдолла Қарсақбаев түсірген «Менің атым Қожа» кинокартинасы 1967 жылы Францияның әйгілі Канн фестивалінде «Балаларға арналған ең үздік шет ел фильмі» номинациясын жеңіп алады. Бұл қазақ кино саласындағы тұңғыш жүлде болатын. Арада алпыс жылдан астам уақыт өтсе де, қанша ұрпақ

ғысы болған деседі. Соқпақбаев бала кезінде көп қиындық көрді, аштықты да, ауыр еңбектің тауқыметін де басынан кешті. Дегенмен, ол өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, өте зерек, қабілетті, білімді бала болып өсті.

Әскерден кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі. Одан соң Мәскеудегі жоғары әдеби курстарын тәмамдайды.

Туған өңірінде мұғалім болды. Киностудияда да қызмет етті. «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» газет-журналдарының редакциясында жұмыс істеді. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша кеңесші болды. Балалық пен жастық шақ қаламгердің барлық кітабының негізгі өзегі болғаны заңды да. Соқпақбаев шығармаларының дені автобиография. Шынайы, боямасыз, риясыз өмір шындығы суреттелген туындылары сондықтан да өміршен.

«Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне» қарасты А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай «Ақиқаттан айнымаған қаламгер» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кешке көрнекті жазушының қызы Самал Бердібекқызы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дариға Тұранқұлова, дәстүрлі әнші Тілеулес Құрманғалиев, актер Бақыт Тушаев келіп, естеліктерімен бөлісті.

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨАдағы Дариға Тұранқұлова шеберханасының шәкірттері Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларынан «Сұмдық сөз», «Менің атым Жан-болсын» атты қойылымдар қойып, көпшіліктің қошеметіне ие болды. 2-курс студенттерінің, яғни болашақ актерлардың Соқпақбаев заманындағы жасөспірімдер кейпіне еніп, шынайы бейнелеген әр кейіпкеріне «бәрекелді» деп қол соқтық. Дәстүрлі әнші Тілеулес Құрманғалиевтің шәкірттері Алуа мен Жайсан әдеби-сазды кештің көркін әсем әндерімен қыздыра түсті.

Аға буын мен жас буынның кездесуінде әнші, сазгер Гүлжанат Мұхамеджан Б.Соқпақбаевтың мерейтойына арнап шығарған «Балалық шаққа саяхат» әнін әнші құрбысы Венера Әбдіхалыққызымен бірге орындап, әсерлі өткен әдеби-сазды кешті әуезді сазбен түйіндеді.

Бердібек Соқпақбаев Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қостөбе деген ауылда өмірге келген. 8 жасында анасынан айырылды және бұл оның өмірінің соңына дейін жүрегіндегі үлкен қай-

● ОҚЫРМАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСУ



Самал СОҚПАҚБАЕВА,
Бердібек Соқпақбаевтың
қызы, аудармашы:

ӘКЕМНІҢ БАТАСЫН
АЛДЫМ

Осындай кездесу, әдеби кештер жыл басынан бері өтіп жатыр. Эфирлерге де жиі шақырту алып жүрмін. Қуанатыным – әкемнің атының өлмегені және айтылатын тағылымды әңгімелерді осындай мөлдіреген жастардың құлақ қойып тындап отыратыны. Мұндай кештер жастар үшін өте керек. Әкемнің «Менің атым Қожа» кітабын оқымаған қазақ баласы жоқ шығар деп ойлаймын. Әкемнің кітаптарын кітап дүкендерінен табу қиын болатын, ешқашан сөреде жатпайтын. Жастанып оқитын талай оқырманын көз көрді. Оның кейіпкерлері ойдан алынбаған, сюжеті де қиялдан тумаған, бәрі өзінің айналасында жүрген ауыл адамдарының шынайы бейнесінен, өзінің басынан кешкен оқиғалардан өрілген болатын. Сондықтан да әкемнің кітаптарын барлық жастағы оқырмандар жақсы көрді.

Әкемнің көзі тірісінде кітабын орыс тіліне аудардым. Оның алдында да аударылған болатын. Бірақ «подстрочник» (жолма-жол аударма – авт.) болған соң ба, көңілі толықырамады. Ал маған «сенің аударманды қазақтың, ауылдың иісі, лебі бар, қарапайым қазақ баласының мінезі, болмысы бар» деп қуанып, ақ жол тілеп, батасын берген болатын. Міне, 35 жылдан бері аудармашы болып келемін.

Тағы бір қуанатыным, әкемнің «Менің атым Қожа» шығармасы мектеп бағдарламасына енді. Бала болмысын, табиғатын шынайы жеткізе білген әкемнің туындыларын сол балалардың өзі оқитыны мен үшін үлкен мәртебе. Жалпы, кітап дегеннің күдіреті ғажап болады, жастар! Мен кітап оқуға бала күнімнен құштар болдым. Сендерге кітапқа көбірек көз салыңдар дегім келеді. Кітап ол саған кез келген уақытта, кез келген сәтте ақылшы, дос бола алады деп ойлаймын.



Дариға ТҰРАНҚҰЛОВА,
ҚР еңбек сіңірген
қайраткері,
Т.Жүргенов
атындағы Қазақ
ұлттық өнер
академиясының
академигі,
профессор:

ЖАҚСЫЛЫҚҚА,
ЖАҚСЫ БОЛУҒА ҰМТЫЛДЫҚ

Самал Бердібекқызы жақсы айтып өтті, кітап ең үлкен дос бола алады адамға. Классик жазушының артында осындай ұрпағы қалғанына қуаныштымын. Қазір ғана студенттерім алдарыңызда сахналық қойылым көрсетті. Оның бәрі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларынан алынған көріністер. Яғни студенттерім алдымен кітапты оқып алып, ондағы оқиғаларды бойына сіңіріп барып, осындай әсерлі қойылым ұсынды. Жазушының әр сөзінде ақиқат, шындық жатыр. Қаламгер аталарың өздерің сияқты жастардың арман-мақсатын, өмірін қалам ұшымен өрнектейді.

Бала күнімде әдемі, жылтырақ көйлек киген адамдардың бәрін өте білімді, кітапты көп оқитын жандар деп қабылдаушы едім. Шыны керек, ол тұста бәрімізде бірдей көк көйлек болған жоқ. Сондықтан маған да көп кітап оқу керек деп ойлайтынмын. Қазақ классиктерінің бәрін жастанып оқыдым десем, қателеспеймін. Одан жаман болғанымыз жоқ, көкірек көзіміз ашылды, жақсылыққа, жақсы болуға ұмтылдық. Тұлға болып қалыптасқанымыз да сол кітаптардың арқасы шығар деп ойлаймын. Кітап деген үлкенге де, кішіге де рухани азық бола алады. Ұялы телефонға жабысып отыра бермей, бір мезгіл көркем шығармалар оқуға кеңес беремін.



Тілеулес ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
дәстүрлі әнші,
ҚР мәдениет
саласының үздігі:

КІТАБЫН ЖАСТАНЫП
ОҚЫДЫҚ

Бердібек атамыздың кітаптарын жастанып оқушы едік. Тіпті, сабақ үстінде, ең соңғы партаға отырып алып көркем шығармаларды оқитынмын. Сөйтіп, математика мұғалімінің қаһарына талай ұшырағанмын. Соғыстан кейінгі толқынның шығармалары ғажап еді! Біз сол кітаптармен өстік.

Бердібек атамыздың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» кітаптарындағы әр сәт кішкентай жүрегімізді қозғап өтетін. Жазушының соғыстан кейінгі ауылдың қонырқай тіршілігін, тіпті бір тілім қара нанның өзін суреттеуі керемет! Тәтті кәмпитке көзін сатып, жеуге қолы жетпей, құмарланған кейіпкер-балақайға жанымыз ашып, көзімізге жас та келетін. Иә, кітаптарын оқығанда кейіпкерлерінің басынан кешіп жатқан оқиғаларына көңіл бөлмеу, жетістігіне бірге қуанбау, оларды жақсы көрмеу мүмкін емес еді.

Осы күні, есейген шақта оқысаңыз, тіпті әсерлі. Сол бала шағымызда жете түсіне қоймаған кейбір детальдарына ойлы жүректен үңілетініміз бар. Қолымызда «Менің атым Қожа», шәй ішіп отырып мырса етіп езу артып аламыз. Өзінің де балалық кездерін еріксіз еске түседі. Қожа сияқты бір бұзық баланың әр мектепте болатыны сөзсіз. Қаламгердің шығармасында оқырманын еріксіз күлдіретін юмор да, теріс әрекеттерді келемедейтін ирония да бар. Сөйтіп, жазушы ағамыз күлдіріп отырып ойға батырып та қоятын. Армандарға жетелейін оқиғалары да көп болатын. Балалар, армандай білу керек, қиялдай білу керек, көп оқу керек. Оқыған, тоқыған адам ешқашан етекте қалмайды.



Бақыт ТУШАЕВ,
актер, ҚР еңбек сіңірген
қайраткері, «Серпер»
сыйлығының лауреаты:

ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫ
СОЖАНЫ
ҚАХНАЛАЙДЫ

Соңына өлмес мұра қалдырған Бердібек Соқпақбаев ағамыз маған алыс емес, нағашы болып келеді. Сол үшін мақтанамын. «Менің атым Қожаны» жастанып оқыдық. Жайлауға жиналғанда шешелеріміз қоржымымызға «Он алты жасар чемпион», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» деген кітаптарын да салып беретін. Әр шығармасынан әсерленетініміз соншалық, тіпті әр бетінен сол уақытқа тән өмір белестерін сезінетініміз. Ағамыздың көптеген шығармасы жас оқырмандарға арнап жазылғандықтан болар, біздің жүрегімізге бірден жол тауып жатты.

Иә, біз кітаптан өскен буынбыз. Мына отырған Дариға Тұранқұлқызы ұстазымыздың алдынан еліміздегі атынан ат емес, арыстан үркетін театр, кино саңлақтарының 80 пайызы өткен десем, қателеспесмін. Өнер академиясында оқып жүргенімізде, дәлізден көріп қалса, «сенделіп құр босқа жүргендерің жарамайды, бос уақыттарыңда кітап оқыңдар» деп кітапханаға кіргізіп жіберетін. Со-сын арасында келіп, отырған-отырмағанымызды білу үшін сыртымыздан тексеріп кететін. Одан жаман болған жеріміз жоқ. Ол кезде ұялы телефон, ғаламтор деген болмаған, ақын-жазушылардың шығармашылық кештеріне композиция дайындау керек болса, бізге көмекке келетін осы кітаптар, ондағы кейіпкерлер еді. Сол арқылы ойымызды, сөзімізді түзеп өстік, биіктей түстік.

Біздегі жақсы жиналық – Алматы Мемлекеттік куыршақ театры биыл «Менің атым Қожа» шығармасын сахналайын деп жатыр.

Міне, өздеріңдей оқырмандары, көрермені тұрғанда Бердібек ағамыздың болмысы Хантаңірідей биіктеп, мол мұрасы айшықтала түспек.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ҚАЖЕТТІЛІК

Алматыда әлемнің балалар анестезиологтары мен реаниматологтары бас қосты

Алматыда Қазақстан балалар анестезиологтары мен реаниматологтарының республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Онда балалар анестезиологиясы мен қарқынды терапия саласының өзекті мәселелері талқыланды.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Екі күнге созылған конференция жұмысына Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Литва елдерінің білікті мамандары, медициналық ЖОО ректорлары мен профессорлары, ғылыми институттардың жетекші мамандары мен басшылары, сонымен қатар, өз еліміздің және шет елдің балалар анестезиологтары мен реаниматологтары, балалар мен неонаталдық анестезиология және қарқынды терапия саласының жетекші мамандары, жалпы саны 500-ден астам дәрігерлер қатысты.

Басқосудың салтанатты шарасы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың, «Анестезиологтар және реаниматологтар федерациясы» РҚБ президенті, профессор Ерғали Миербековтың, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасының ғылыми және инновациялық қызметтер жөніндегі орынбасары Лязат Манжуованың және Түркия, Ресей және т.б. шет елдерден келген қонақтардың құттықтау алғы сөзімен ашылды.

– Балалар денсаулығын сақтау мен қорғау мемлекеттің ең басты басым бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы 3 жылда балалар өлім-жітімі азайды. Тұрақты

тенденция соңғы 7 айда да сақталады. Бұл жетістіктер елімізде қабылданып жатқан жүйелі жұмыстардың арқасында мүмкін болды. Балалар анестезиологиясы мен реаниматология қызметі әрқашан біздің басты назарымызда. Бұл сала мамандарының балалар денсаулығын сақтауда алар орны ерек. Еліміздегі балалар анестезиологиялық және реаниматологиялық қызметінде Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан үлкен жұмыстар атқарылуда. Жылдан жылға материалдық-техникалық база жақсаруда, кадр әлеуеті артуда, үздіксіз білім алу мен жас мамандарды дайындау қолға алынуда, медициналық ЖОО жаңа кафедралар ашылуда, – деді ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Әлназарова.

Конференцияда еліміздегі балалар анестезиологиялық және реаниматологиялық қызметінің бүгінгі жағдайы мен өзекті мәселелері, балаларға анестезиологиялық көмек пен қарқынды емді ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері, балалар анестезиологиясындағы нейромониторинг және нейронавигация мәселелері, балалар анестезиологтары мен реаниматологтарының білімі мен құқықтық аспектілері, реанимациялық және анестезиологиялық көмекте орта буын медицина қызметкерлерінің рөлі, педиатрия және неонатологиядағы анестезиолог-реаниматолог жұмысының өзекті

мәселелері, оның ішінде барлық негізгі бағыттары – кардиологиялық анестезиология, нейро-анестезиология, трансплантология және т.б. мәселелер талқыланып, осы саланың өзекті мәселелері жан-жақты қозғалды.

Алқалы жиында анестезиология саласына көп жыл еңбек сіңірген еліміздің ардагер балалар анестезиологтары мен реаниматологтарына құрмет көрсетіліп, осы саланың білікті мамандары ҚР халқының өмірі мен денсаулығын сақтау ісіне қосқан үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін «Ардагер анестезиолог-реаниматолог» және «Үздік анестезиолог-реаниматолог» төсбелгілерімен марапатталды. Конференция аясында екі бірдей ғылыми орталықта шетелдік мамандардың дәрісі мен 4 шеберлік сыныбы өтті. 100-ден аса жас мамандар қатысқан шеберлік

сыныпты Түрік елінің және Ресей елінің білікті мамандары өткізді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен «Анестезиологтар және реаниматологтар федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының ұйымдастыруымен өткен іс-шараның мақсаты – ҚР халқына мамандандырылған медициналық көмекті жақсарту мақсатында анестезиологтар мен реаниматологтардың және сабақтас мамандықтардың басын қосу, осы салада жинақталған мәселелерді талқылау және оларды шешу жолдарын іздеу.

Іс-шара аясында анестезиология мен қарқынды емде қолданылатын медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектердің профилді көрмесі өтті.

КӨҢІЛ АЙТУ

Әуезов ауданының әкімі Абзал Қуандықұлы Егембердиевке әкесі денсаулық сақтау саласының үздігі, елімізге адал қызмет етіп, дамуына айрықша үлес қосқан **Қуандық Шәймерденұлы ЕГЕМБЕРДИЕВТІҢ** қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

1949 жылы Тараз қаласында дүниеге келген Қуандық Шәймерденұлы 1973 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын аяқтап, еңбек жолын теміржол ауруханасында бастады. 1974–1984 жылдары хирург, кейін қабылдау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1985–1993 жылдары Жамбыл облыстық онкологиялық диспансерінің бас дәрігері ретінде онкологиялық қызметтің дамуына елеулі үлес қосты. 1993–1998 жылдары Жамбыл станциясындағы аурухананы, кейіннен Орталық қалалық аурухананы басқарды. 2005 жылдан бастап туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері қызметін атқарды. Кәсібіне адал және білікті маман ретінде «Шапағат» медалімен және «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Оның жарқын бейнесі мен еңбегі мәңгі ел есінде сақталады.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ТҰСАУКЕСЕР

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ
ШЕЖІРЕСІ ОРТАҚ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының жобалары аясында жарыққа шыққан «Тарихи және әдеби мәтіндердегі Түркістан» деген екі томдық кітаптың тұсаукесері өтті.

түркі халықтарының түп шежіресінің ортақ екендігін аңғарту.

Жиынға қатысушылар жәдігерлер, түркі жұртының атақонысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүр-салты тамырлас болғандығын айтты. Сонымен қоса, өзара бауырластықты арттыру қажеттігін тілге тиек етті.

– Түркістан – түркі халықтарының атамекені. Бұл кітапта түбі бір түркінің Түркістан туралы деректері қамтылған. Аталған кітапты шығаруға шығыстанушы, түркітанушы, әдебиетші, тарихшы және т.б. ғалымдар, зерттеушілер атсалысқан. Мұнда Осман империясы, арғы-бергі дәуірлерінен бастап, Қытай, Түркия, Өзбекбайжан, Өзбекстан және Қазақстан аумағындағы бүгінге дейінгі тарихи фактілер, материалдар, дереккөздер топтастырылған. Сондай-ақ, Түркістан мен Алаш зиялылары, бәрі-бәрі қамтылған. Біздің пайымдауымызша, бұл еңбектің келешекте жалғасы болуы ықтимал, – деді акын Ұлықбек Есдәулет.

Тұсаукесерге кітап редакторлары профессор Жәңгіз Томар, профессор Бүлент Байрам, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлур, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, акын Ұлықбек Есдәулет, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, акын, қоғам қайраткері Жұмаш Көкбөрі, белгілі ғалымдар, ұстаздар, қоғам қайраткерлері және т.б. қатысты.

Іс-шараның мақсаты – бауырлас түркі халықтарының рухани, мәдени, әдеби құндылықтарын арттыру. Сонымен бірге,

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТОҚТЫ ТОЙМАС, ШӨМІШ КЕППЕС»

Қазекең бұл кезді «Аяқ бунақ» амалы деп те атаған. Амалдың соңы қарға, ызғарға ұласуы ғажап емес

Қазан айының басында бозқырау көрініс берді. Аракідік аздаған жаңбыр себелеп тұрды. Ашық, шуақты күндер де аз болған жоқ. Дегенмен, күн күңгірт тартып, сәулесін көп шашпады. Бұл айдың бұрынғылар қойған ақырап, бозқырау, кемпіршуақ, құсқайтар, т.б. атаулары бар. Сонымен қатар, қазанның алғашқы жартысы алтын күз деп аталған.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Бұрынғы пайымдарымызда жылды қазекеңнің жылы, ыстық, суық деп үш кезеңге бөлгенін, ол табиғат зерттеушілерінің тілінде – үш бунақ деп аталатынын айтқанбыз. Олар: Бас бунақ – ақпанның 9-ынан маусымның 9-ына дейін (қара қатқақ, ашы өзек), орта бунақ – маусымның 9-ы мен қазанның 9-ы аралығы (тұяқ терлеп, қой күрлеп), аяқ бунақ қазанның 9-ы мен ақпанның 9-ы аралығы (тоқты тоймас, шөміш кеппес). Қазір Аяқ бунақ – «Тоқты тоймас, шөміш кеппес» амалы осы аптаның – 9-ынан бастап кірді. Оқырманға түсінікті болу үшін амалдың атауына қысқаша тоқтала кетейін. Бұл кезде шөп мал тұяғымен жаншылып, тапталып, көп жер тақырланып қалады. Қалғанын «қазан ұрады». Қанша жайылса да

әр жерде шашырап қалған шөпке мал тоймасы белгілі. «Тоқты тоймас, шөміш кеппес» деп осыдан барып айтылса керек.

Өткен жолы қазанның қара желі қыр астында тұр дегенбіз. Сол кезең келді. Енді түнге қарай жел тұрып, күн суыта бастайды. Күндіз күннің көзі көрініп тұрса да, жылуы мен шуағы азаяды, жерге жетпейді. Шөптерді қазан ұрады, ызғар еседі. Аспанды күздің қарабауыр бұлтты тұмшалап, жаңбыр жауады. Қазанның қара желі басталады.

Бұл күз айының амалдары. Мұның ақ шық, сүмбіле дейтін жанама аттары бар. Амал кезінде бабаларымыз «Сүмбіле туды, су суыды» деп мақалдап, балаларды суға түсуден тиген. Киіз үй жанына қазық қағып, салма салып, дауылды қара желден сақтанған.

Күннің салқындауы жан-жануарлар үшін қолайлы. Олар шыбын-шіркейдің мазалауынан құты-

лып, қоң жинап семіреді. Ондай мал қысқа күйлі түседі.

Қазақы пайымның болжамынша, дүркіреп жауатын жаңбырдың ауылы жақындап келе жатқан сынайлы. Осы аптаның соңына қарай жауынның жиілей түсуі ықтимал.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қазан айының – 11-і. Ай жүйесі айдың 8-ін көрсетіп тұр. Қазақша (ескіше) қазан айы 3 күннен кейін басталады. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде, ауа райы өзгертін, құбылатын түрі бар. Жылылық суыққа айналуға бейіл тұр.

Өткен жолғы хабарымызда «Ақырып келетін, қарлы боранын шақырып келетін» «Ақырап» амалы келе жатқанын жазғанбыз. Бұл амал бірнеше айналымнан тұрады. Ызғарлы да құбылмалы Ақырап алматылықтарға жылдың алғашқы қарын алып келетін секілді. Пайым бойынша, қар жаууы, күн суытуы тиіс. Осы кезде қар қиыршықталып, қатты әрі нығыз болып жауатын болған.

Бұрынғылар бұл амалды «сары қар» деп те атаған. Алматылықтардың бетін үсітіп, құлағын түсіретіндей аяз болмағанымен, амал кезінде тұман, көктайғақ, ызғар бой көрсетіп, қала тұрғындарын шарасыз халге түсіруі өте мүмкін. Демек, алдағы аптаның ауа райы аса



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Амал кезінің ауа райына орай жасалған жорамал:

- * Егер бұлт желге қарай көшсе, онда кешікпей қар жауғаны, бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райының бұзылғаны.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының оңдалауы дегені.
- * Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарарды.
- * Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.
- * Бұлт көкжиектен будақ-будақ өркештеніп көтеріліп, ілещала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақпазан аяз болмақ, бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.

жайлы бола қоймаса керек. Алматыда анау айтқан аяз немесе боран болмағанымен, бір күн қар, бір күн

жаңбыр ызғарлы желмен алмасып кейде ұйытқи соғып, кейде жаяу борасындатып отыратын сынайлы.

ПРЕМЬЕРА

ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ КҮН

VIII театр маусымы ашылды

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Alatau FM radiosy» спектаклінің премьерасы мен VIII театр маусымының ресми ашылу салтанаты өтті. Театр ұжымы алдағы маусымдағы жаңалықтарымен бөлісіп, театр алаңында әртістердің қызыл кілемдегі шеруі мен мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

– Бүгін VIII театр маусымының ресми ашылу салтанаты өтіп жатыр. Осы орайда «Alatau FM radiosy» спектаклінің премьерасы болды. Біз өткен маусымды премьералармен жауып, премьералармен ашып жатырмыз. Алдағы уақытта көптеген қойылымдар қоямыз деген жоспар бар. Соның ішінде Біржан сал, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына, Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған қойылымдар



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.